



ГАЗЕТКЕ ОНЛАЙН  
ЖАЗЫЛУ

e-mail: aikyn.kz.gazeti@gmail.com  
www.facebook.com/aikyn.kz  
@aikyngazeti  
www.aikyn.kz



## СЕНІМ ГРАМОТАЛАРЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Ақорда резиденциясында АҚШ елшісі Джули Стаффт пен Болгария елшісі Георги Воденскидің Қазақстан Президентіне сенім грамоталарын тапсыру рәсімі өтті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Болгария елшісі арқылы Президент Румен Радевке сәлемін жолдап, оның былтыр елімізге жасаған ресми сапары екіжақты қарым-қатынасқа айтарлықтай тың серпін бергенін айтты.

— Сіздің еліңізбен ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға мүдделіміз. Саяси, сондай-ақ экономикалық бағыттағы ықпалдастық аясын кеңейту үшін қолдан келген мүмкіндіктің бәрін жасаймыз, — деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Джули Стаффтпен әңгімелесу барысында АҚШ-қа жасаған сапары табысты өткенін ықыласпен еске алды.

— Президент Дональд Трамп мырзамен достық рәуіште мазмұнды әңгіме өрбігіп, келіссөздер жүргіздік. Таяуда біз телефон арқылы емен-жарқын сөйлесіп, екіжақты ынтымақтастығымызға қатысты көптеген мәселені талқыладық. Мені жыл соңында Құрама Штаттарда өтетін G20 саммитіне қатысуға шақырғаны үшін алғыс айтамын. Біз көптеген саладағы стратегиялық серіктестігімізді дамытып, нығайтуға күш саламыз, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев елшілерді дипломатиялық миссияларының ресми түрде басталуымен құттықтап, олардың мемлекеттері басшыларына ізгі тілегін жолдады.



## ЖЫЛҚЫ – ҚАЗАҚ ӨРКЕНИЕТІНІҢ ӨЗЕГІ

Қазақ жылқысы әртүрлі тұқымдарға бөлінеді. Елдің кең жер көлемі мен табиғи ерекшеліктеріне байланысты жылқының да сан алуан түрлері қалыптасқан. Дегенмен сол әр аймаққа ортақ бір негізгі түр бар – ол жабы жылқысы. Қазақ даласындағы жабы жылқысы дүниежүзіндегі жылқылардың «ана түрі» деп танылуы мүмкін. Ботай қонысында жүргізілген қазба жұмыстары кезінде табылған жылқы сүйектері мен тұрпаты осы жабымен тығыз байланыста екені анықталған.

→ 8-9

## ПАРЛАМЕНТТІК ЖҮЙЕНІ ЖЕТІЛДІРУ ЖАЙЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қариннің төрағалығымен Парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобының төртінші отырысы өтті.

Жұмыс тобы былтыр 8 қазанда Президент өкімімен құрылған болатын. Алғашқы отырысы Мемлекет басшысының қатысуымен 14 қазанда өтті. Сол күні Президент тапсырмасы бойынша азаматтардың парламенттік жүйені жетілдіруге қатысты ұсыныстарын жинақтау мақсатында e-Otinish платформасы мен eGov сервисінде «Парламенттік реформа» арнайы бөлімі ашылды.



→ 2

## АТОМ САЛАСЫНА ӘЛЕУЕТТІ КАДР КЕРЕК

Мемлекеттік саясаттың түпкі мәнін өзгертетін техникалық интеллигенцияның жаңа буынын қалыптастыру білікті кадрлар мен кәсіби мамандар даярлау ісіне қатысты болатыны анық. Сонымен қатар ядролық кластер қалыптастыруда энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызы зор. Алайда атом электр саласындағы кадрлық әлеуетті қалыптастыру енді ғана қолға алынып жатқан бағыт емес. Қазірдің өзінде елімізде осы бағытта білім беретін бірқатар оқу орны бар.



→ 6

## ДАРА КӘСІПКЕРЛЕР ДАҒДАРМАСЫН

Жеке кәсіпкерлер жұмыспен қамтыған азаматтардың саны да еселеп артты. 2005 жылы ДК-ларда 571 620 адам еңбек етсе, 2025 жылы 2,5 миллионнан асқан. Мұның сыртында дара кәсіпкерлік субъектілерінің өндірген өнімінің көлемі де ғаламат өсті. Мысалы, 2005 жылы елдегі барлық ДК 222,9 миллиард теңгенің өнімін шығарып, нарыққа өткізсе, 2024 жылы (2025 жыл қорытындысы әзірге жарияланбады) бұл көрсеткіш 55 есе ұлғайып, 12 триллион 347 миллиард теңгеден асты!



→ 10

10 ҚАҢТАР 2026 | СЕНБІ

# ӨҢІРЛЕРДІ ДАМУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ БАСТАЛДЫ



Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев Қызылорда облысының жұртшылығымен, еңбек ұжымдарымен, мәслихат депутаттарымен, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелерімен және өңірдегі дарынды жастармен кездесті. Кездесулерде Мемлекет басшысының «Turkistan» газетіне берген сұхбатында айтылған бастамаларды, сондай-ақ елімізде жүргізіліп жатқан өңірлерді орталықсыздандыру бағдары мен Цифрландыру және жасанды интеллект жылы аясындағы тапсырмаларды іске асыруға қатысты мәселелер талқыланды. Одан бөлек, бірқатар маңызды бағыт бойынша Сенаттың мәслихаттармен бірлескен жұмысының негізгі басымдықтарына мән берілді.

Палата Спикері мәслихат депутаттарымен және жұртшылықпен кездесуде Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған реформаларды сапалы іске асыру үшін барлық мүдделі тараптың бірлескен жұмысы ерекше мәнге ие екенін айтты. Сондай-ақ ол ел Президенті «Turkistan» газетіне берген сұхбатында белгілеп берген міндеттерге назар аударып, цифрландыру, жасанды интеллектті дамыту және Қазақстанды цифрлық державаға айналдыру жөніндегі бастамалар аясында күш

біріктірудің маңызына назар аударды.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен елімізде кешенді реформалар іске асырылып жатыр. Басты мақсат — әділетті мемлекет, тиімді экономика және жауапты басқару жүйесін қалыптастыру. Мемлекет басшысы «Turkistan» газетіне берген сұхбатында еліміздің қазіргі ахуалына және алдағы даму бағдарына кеңінен тоқталды. Президентіміздің барлық бастамасы Қазақстанды

әділетті, демократиялық, ашық мемлекетке айналдыруға бағытталған. Сондықтан Мемлекет басшысы жүктеген міндеттерді сапалы іске асыру үшін сенаторлар мен мәслихат депутаттарының жүйелі өзара іс-қимылын және бірлескен жұмысын белсенді түрде жалғастыра береміз», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар Сенат Төрағасы Мемлекет басшысының тапсырмасымен әзірленіп, фискалдық және салық саясаты толығымен қайта қаралған жаңа Бюджет, Салық кодекстерінің, сондай-ақ қабылданған басқа да заңдардың маңызына назар аударды. Палата Спикері ел Президентінің өңірлерді орталықсыздандыруды және олардың дербестігін арттыруды көздейтін бұрын-соңды болмаған бағдарымен «Қуатты өңірлер — қуатты ел» қағидатының негізгі мәнін де тілге тиек етті. Мұндай қадам өзекті проблемаларды жедел шешу жолында бюджеттік дербестікті және қабылданған шешімдер үшін жауапкершілікті арттырады, сондай-ақ жергілікті билік институттарының рөлін нығайтады.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев аймақтардың құзыретін күшейтіп, бірқатар өкілеттікті орталықтан өңірлерге беруді маңызды міндет етіп белгіледі. Осыған байланысты жергілікті атқарушы органдардың бюджеттік дербестігін кеңейту үшін ауқымды өзгеріс орын алуда. Соның нәтижесінде салықтар мен төлемдердің 25 түрі жергілікті деңгейге, оның ішінде аудандар мен ауылдарға берілді. Ең осал аймақтарға стандартты даму деңгейіне жету үшін көбірек ресурс беріледі. Мұндай тәсіл инфрақұрылымдық олқылықтарды барынша азайтуға және елді мекендердің дамуын нақты жоспарлауға жол ашады. Өңірлердің кірістерінің 70 пайызы аудандық деңгейде және облыстық маңызы бар қалаларда шоғырланған. Бұл — жергілікті әкімдерді бизнес ортаны дамытуға және табыс базасын ұлғайтуға ынталандыратын қадам. Осындай ауқымды жұмыста мәслихаттарға үлкен жауапкершілік жүктеледі. Бұл ретте Мемлекет басшысы берген тапсырмалардың сапалы әрі уақытылы іске асырылуын бақылауды күшейтудің маңызы зор», — деді Сенат Төрағасы.

Кездесуде Мәулен Әшімбаев саяси жаңғыру жолындағы тағы бір маңызды мәселе — парламенттік реформа жөнінде айтты.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев халыққа арнаған Жолдауында бір палаталы Парламентке көшу мәселесін қоғам мен сарапшылар талқылауына шығаруды ұсынды. Бұл бастама демократиялық институттар мен тетіктерді нығайтуға бағытталған дәйекті реформалардың қисынды жалғасы екені анық. Осы жолда кеңейтілген өкілеттіктерге ие Парламент маңызды рөлдердің бірін атқарады. Аталған реформа аясында Конституцияның 40-қа жуық бабына өзгеріс енгізіледі. Бұл мәселе бойынша түпкілікті шешім халықтың пікірін ескере отырып, референдум арқылы қабылданады. Жалпы, парламенттік реформа өкілді

билік тармағын одан әрі тиімді, икемді және заманауи сын-көзқарарларға төтеп беретін жүйе ретінде күшейтуді көздейді», — деді Палата Спикері.

Мәулен Әшімбаев Қызылорда облысының экономикалық өсу перспективалары мен қарқынына назар аударып, жаңа даму тетіктерін жетілдірудің және азаматтардың әл-ауқатын арттырудың маңызды екенін атап өтті. Сонымен бірге кездесуге қатысушылар облыстың инвестициялық әлеуетіне, осы бағыттағы негізгі міндеттерге, олардың ерекшелігіне тоқтала келе, іске асырылып жатқан бірқатар жобаның тиімділігін және инфрақұрылымды жаңғыртуға, жолдар желісін, су мен инженерлік жүйелерді жаңартуға қатысты мәселелерді талқылады.

Өңірдің креативті жастарымен кездесуде елді жаңғырту процесінде білімді жас буынның рөліне, олардың бойына жасампаз құндылықтарды, жауапкершілік пен прогрессивті идеяларды сіңірудің маңызына және өскелең ұрпақты жүйелі қолдауға баса мән берілді.

Сапар аясында сенаторлар Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелерімен кездесті және физика-математика бағытындағы мектеп-интернаттың қызметімен танысты. Аталған білім ордасы заңсыз иемденген активтерден қайтарылған қаражатқа Мемлекет басшысының тапсырмасымен салынған.

Бұдан басқа, Сенат депутаттары Инклюзивті спорт орталығына барып, жастармен және оқытушылармен кездесті. Бұл орталық ерекше қажеттіліктері бар балалар мен жастарға түрлі қызмет көрсетеді.

Сенаторлардың «Тұмар» шағын өнеркәсіптік аймағының өкілдерімен кездесуінде шағын және орта бизнесті дамыту мен қолдауға қатысты өзекті мәселе талқыланды. Сондай-ақ депутаттар облыстық тарихи-өлкетану музейінің және әуежайдың жаңа терминалының қызметімен танысты.

## ПАРЛАМЕНТТІК ЖҮЙЕНІ ЖЕТІЛДІРУ ЖАЙЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қариннің төрағалығымен Парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобының төртінші отырысы өтті.

Жұмыс тобы былтыр 8 қазанда Президент өкімімен құрылған болатын. Алғашқы отырысы Мемлекет басшысының қатысуымен 14 қазанда өтті. Сол күні Президент тапсырмасы бойынша азаматтардың парламенттік жүйені жетілдіруге қатысты ұсыныстарын жинақтау мақсатында e-Otinish платформасы мен eGov сервисінде «Парламенттік реформа» арнайы бөлімі ашылды.

Жұмыс тобының 2 желтоқсанда өткен екінші отырысында жаңа Парламентті қалыптастыру мәселелері қарастырылды.

Үшінші отырыс 29 желтоқсанда ұйымдастырылып, болашақ



Парламенттің заң шығару үдерісінің негізгі тетіктері талқыланды.

Мемлекеттік кеңесші алдағы реформаға қатысты қоғамда жарты жылға жуық уақыт бойы кең көлемде талқылау жүргізіліп келе жатқанын еске салды. Сонымен қатар Ерлан Қарин парламенттік реформа Мемлекет басшысы бастамашы болған ауқымды саяси

жаңғырудың бір бөлігі екенін атап өтті. Оған 2019-2021 жылдары жүзеге асырылған саяси реформалардың төрт пакеті мен 2022 жылғы Конституциялық реформа жатады. Жалпы алғанда, Президенттің барлық реформасы мемлекеттің институционалдық орнықтылығын нығайтуға, саяси жүйені заманауи талаптарға бейімдеуге бағытталған.

Жиында Парламентаризм институтының директоры Наталья Пан азаматтардан, сарапшылардан және қоғам белсенділерінен келіп түскен ұсыныстар жөнінде жинақталған ақпаратпен бөлісті. Бүгінге дейін e-Otinish және eGov платформаларындағы «Парламенттік реформа» арнайы бөлімі арқылы Жұмыс тобына халық арасынан, сарапшылар қауымдастығынан және қоғамдық бірлестіктерден 500-ден астам ұсыныс келіп түсті.

Бұл жолғы отырыстың негізгі тақырыбы болашақ Парламенттің басқа да билік институттарымен өзара іс-қимыл мәселелеріне және бірпалаталы жаңа Парламенттің атауын қарастыруға арналды.

Жұмыс тобы жетекшісінің орынбасары — Президенттің құқықтық мәселелер жөніндегі көмекшісі Ержан Жиенбаев болашақ Парламенттің мемлекеттік биліктің басқа да институттарымен өзара іс-қимылы кезіндегі өкілеттіктеріне қатысты жалпы тәсілдер туралы айтты. Бұл тәсілдер Жұмыс тобы мүшелері мен саяси партиялардың ұсыныстары негізінде әзірленген.

Жұмыс тобының Азат Перуашев, Марат Шибұтов, Елнұр Бейсенбаев, Марат Башимов, Индира Әубәкірова, Асхат Рахымжанов, Алуа Ибраева, Үнзила Шапак, Қарлығаш Жаманқұлова, Ерлан Сәрсембаев секілді мүшелері күн тәртібіндегі мәселелерге қатысты өз идеялары мен ұсыныстарын ортаға салды.

Отырыс барысында Жұмыс тобының мүшелері ел Конституциясына енгізілетін алдағы өзгерістердің ауқымды екенін жеткізді. Бұл өзгерістер заң шығарушы билік жұмысының тиімділігін арттырып қана қоймай, негізгі мемлекеттік институттар арасындағы өзара іс-қимылдың тұтас жүйесін едәуір жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Жиын қорытындысы бойынша Жұмыс тобының жетекшісі — Мемлекеттік кеңесші келіп түскен ұсыныстардың барлығын жинақтап, жан-жақты талдауды тапсырды.

Парламенттік жүйені жетілдіруге қатысты тәсілдерді әзірлеу ісі Жұмыс тобының алдағы отырыстарында кезең-кезеңімен жалғасатын болады.

## БАҒДАР

10 ҚАҢТАР 2026 | СЕНБІ

## ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАРДЫ АРАЛАДЫ

Мәжіліс депутаты, «АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшесі Нұртай Сабильянов Абай облысы Үржар ауданына жұмыс сапары барысында әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобалардың іске асырылу барысымен танысты, шалғайдағы елді мекендердің тұрғындарымен кездесулер өткізді.

Депутат Лайбұлақ ауылындағы медициналық пунктке барды. Заманауи жабдықтармен толық жабдықталған жана денсаулық сақтау нысанында орта және кіші медицина қызметкерлері жұмыс істейді. Бұл ауыл тұрғындары үшін алғашқы медициналық көмектің қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік берді.

Сабильянов 2 700-ге жуық адам тұратын Таскескен ауылындағы спорт модулінің жұмысымен танысты. Бір мезгілде 80 адамға дейін

жаттыға алатын нысанда футбол және грек-рим күрес секциялары бар, 58 бала тұрақты түрде күреспен айналысады.

Депутат жергілікті халықпен кездесуде ауылдың дамуы Мемлекет басшысы белгілеген негізгі міндеттердің бірі екенін атап өтті.

— Ауылдың дамуы тек нысандар салу ғана емес. Бұл — тиімді жергілікті басқару, әкімдердің жауапкершілігі, халықтың белсенділігі және жүйелі мемлекеттік



саясат. Дәл осындай үлгіні бүгін Президент ұсынып отыр, ал Мә-

жілестегі «АМАНАТ» партиясының фракциясы оны заңнамалық және

практикалық іске асыруды қамтамасыз етеді, — деді депутат.

Ол жергілікті өзін-өзі басқару реформасы аясында ауылдық округтердің өкілеттіктері едәуір кеңейгенін еске салды. Атап айтқанда, бюджеттің төртінші деңгейіне жекелеген салық түсімдері берілді, бұл әкімдіктерге абаттандыру, әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту және халықтың бірінші кезектегі мұқтаждықтары мәселелерін дербес шешуге мүмкіндік берді. 2025 жылғы қарашада жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы заң жобасы Мәжіліс жанындағы қоғамдық палата отырысында жеке талқылаудың тақырыбына айналды.

Жұмыс сапарының соңында депутат Таскескен, Лайбұлақ, Алтыншоқы және Жаңатілек ауылдарының тұрғындарымен кездесу өткізді.

## ӨНДІРІСТІК ОРЫНДАРҒА БАСЫМДЫҚ БЕРУ ҚАЖЕТ



Мәжіліс депутаттары, «АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшелері – Қайрат Балабиев, Ұласбек Сәдібеков, Темір Қырықбаев, Нұрсұлтан Байтілесов және Ерлан Әбдиев Түркістан облысына жасаған жұмыс сапары аясында Ордабасы ауданына барып, өңірдің өндірістік, аграрлық және әлеуметтік әлеуетін арттыруға бағытталған бірқатар маңызды нысанды аралады. Аталған іс-шаралар партияның сайлауалды бағдарламасында белгіленген міндеттерді іске асыру барысын бақылау және нақты нәтижелермен танысу мақсатында ұйымдастырылды.

Алдымен халық қалаулылары Ордабасы ауданы Бадам ауылдық округінде орналасқан «Бадам» индустриалды аймағында жанадан ашылған Central Asia Aluminium Company ЖШС-ның алюминий профильдерін өндіретін кәсіпорнының жұмысымен танысты. Делегация құрамында «АМАНАТ» партиясы Түркістан облыстық филиалының төрағасы, облыстық мәслихаттағы партиялық фракция жетекшісі Алтынсары Үмбетәлиев, облыстық мәслихат төрағасы Нұралы Әбішев, облыстық мәслихат депутаты Ғани Райымбеков, Ордабасы ауданы әкімінің орынбасары Олжас Болатханұлы, аудандық мәслихат депутаттары, партияның аудандық филиалының төрағасы Алиаскар Бердімұрат, салалық бөлім басшылары, ауыл ақсақалдары, жергілікті кәсіпкерлер болды.

Кәсіпорын қытайлық инвестордың қатысуымен 2024 жылдың тамыз айында іске қосылып, бүгінде 200 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Жобаның алғашқы кезеңіне салынған инвестиция көлемі 4,4 млрд теңгені құрайды. Өндірісте шығарылатын өнімдердің басым бөлігі экспортқа бағытталған, бұл өңірдің сыртқы экономикалық байланыстарын кеңейтіп, отандық өндірістің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Кәсіпорын бас директоры Сян Гуанжуй зауытта қолданылып жатқан заманауи технологиялар мен өндірістік жоспарлар туралы жан-жақты мәлімет берді.

Кәсіпорында заманауи әрі инновациялық технологиялар қолданылып отыр. Жобаның бірінші кезеңінде жылына 20 мың тонна алюминий профильдерін өндіру жоспарланған. Ал екінші

кезеңде өндірістік қуаттылықты қосымша 10 мың тоннаға арттыру көзделіп отыр. Қазақстан мен Қытай арасындағы іскерлік әріптестіктің нәтижесінде Орталық Азиядағы теңдессіз жобалардың бірін жүзеге асыруға мүмкіндік алдық. Зауыт құрылысы үшін «Бадам» индустриалды аймағынан 8 гектар жер бөлінді. Қазір негізгі өндірістік блоктың құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізіліп, металл конструкцияларын орнату 90 пайызға аяқталды», — деді ол.

Мәжіліс депутаты Темір Қырықбаев өндірістік және аграрлық жобалардың ел экономикасы үшін маңыздылығына тоқталды. «Өңірлерде осындай ірі өндіріс орындарының ашылуы Мемлекет басшысы белгілеген экономиканы әртараптандыру саясатының нақты нәтижесі. Біз үшін өндіріс пен ауыл шаруашылығының қатар дамуы аса маңызды. Парламент тарапынан инвесторларға қолайлы заңнамалық орта қалыптастыру, отандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасын табады. Қуатты өндіріс — тұрақты жұмыс орындары мен халықтың әлауқатының өсуі», — деді ол.

Жалпы, бытыр Түркістан облысы бойынша 20-ға жуық жана мектеп пайдалануға берілсе, соның 5-еуі Ордабасы ауданында ашылған. Бұл өңірде әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға ерекше көңіл бөлініп отырғанын көрсетеді.

Жұмыс сапары қорытындысында Мәжіліс депутаттары жергілікті кәсіпкерлермен, аграрлық сала өкілдерімен және білім беру ұйымдарының басшыларымен пікір алмасып, инвестициялық ахуалды жақсарту, ауыл шаруашылығы мен өндірісті кешенді дамыту және өңірлерді жүйелі қолдау мәселелерін талқылады. Көтерілген ұсыныстар мен түйткілді мәселелер Парламент қабырғасында қарастырылатыны жеткізілді.

Шымкент қаласында жұмыс сапарымен жүрген Парламент Мәжілісінің депутаты, «АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшесі Данабек Исабек азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдап, тұрғындардың арыз-шағымдары мен ұсыныс-пікірлерін тыңдады. Қоғамдық қабылдауға «АМАНАТ» партиясы Шымкент қалалық филиалының төрағасы Мұрат Жолдыхожаев және тиісті салалық басқармалардың мамандары қатысты.

## ТҰРҒЫНДАР ӨЗ ПІКІРЛЕРІН ОРТАҒА САЛДЫ

Қабылдау барысында тұрғындар баспана, жер қатынастары, әлеуметтік қолдау, инфрақұрылым және көлік саласына қатысты бірқатар өзекті мәселені көтерді. Соның ішінде көп жылдан бері баспаналарын заңдастыра алмай жүрген азаматтардың жағдайы ерекше назарға алынды. Ынтымақ, Ақжайық және Достық шағынаудандарынан келген бірнеше тұрғын жылжымайтын мүліктерін рәсімдеуде қиындықтарға тап болып отырғанын жеткізді.

Аталған азаматтардың айтуынша, бұл мәселе бұған дейін де бірнеше мәрте көтерілгенімен, нақты шешімін таппай келеді. Тіпті, кейбір тұрғындар баспаналарын заңдастыру мақсатында сотқа жүгінген. Алайда арыз-шағымдары қанағаттандырылмаған. Қалалық әкімдік өкілдері қазір мәселені заң аясында шешудің өзге де тетіктері қарастырылып жатқанын айтты.

Өз кезегінде Мәжіліс депутаты Данабек Исабек бұл мәселе бойынша қала әкімі Ғабит Сыздықбековпен арнайы кездесіп, жағдайды жан-жақты талқылайтынын жеткізді.

— «Бұл — бір ғана адамның емес, бірнеше ықшамаудандағы тұрғындарды алаңдатып отырған мәселе. Заң шеңберінде шешудің барлық мүмкін жолдарын қарастырамыз. Қала басшылығымен бірлесіп, нақты шешім қабылдауға ықпал етеміз», — деді депутат.

Сонымен қатар қабылдауда бірнеше азамат Шымкент қаласы бойынша жер кезегінің жылжымай тұрғанына қатысты шағым білдірді. Бұл мәселеге байланысты Данабек Исабек заң аясында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

— «2018 жылы Шымкент республикалық маңызы бар қала мәртебесін алғаннан кейін қала аумағында жер телімдерін беру тоқтатылды. Қазір жер алу үшін азаматтар EGOV электронды порталы арқылы еліміздің кез келген өңіріне кезекке тұра алады», — деп атап өтті ол.

Бұдан бөлек, жиын барысында жол жөндеу, көшелерді жарықтандыру, жолаушылар көлігінің жұмысына қатысты мәселелер де көтерілді. Депутат бұл сұрақтарды тиісті басқарма басшыларымен бірлесіп қарап, мүмкіндігінше оң шешімін табуды тапсырды.

Қабылдау соңында тұрғындар арнайы келіп, халықтың мұн-мұқтажын тыңдағаны үшін Мәжіліс депутатына алғыс білдірді. Данабек Исабек алдағы уақытта да азаматтардың өтінішіне ашық екенін айтып, партияның қалалық филиалы немесе жеке байланыс арналары арқылы хабарласуға болатынын еске салды.

Айта кетейік, Мәжіліс депутаты Данабек Исабек 13 қаңтарға дейін Шымкент қаласында жұмыс сапарымен болып, қаладағы бірқатар әлеуметтік және инфрақұрылымдық нысанды аралап, атқарылып жатқан жұмыстармен танысуды жоспарлап отыр.

Бетті дайындаған Елнар ЕЛТАЙ

10 ҚАҢТАР 2026 | СЕНБІ

# МЕМЛЕКЕТШІЛДІК – МАҢЫЗДЫ ҚҰНДЫЛЫҚ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Turkistan» газетіне берген сұхбатында «Мен – мемлекетшіл адаммын» деп бірауыз сөзбен Қазақ елін қалай сүюді ғана емес, өзінің басқару стилінде, жарты ғасырдан асқан мемлекеттік қызметтегі жолында мынадай ойларға да тоқтайды: «Алғашқы мамандығым бойынша мен – қытайтанушымын. Бұл кәсіп айрықша табандылықты қажет етеді. Шынымен де, мәтінмен жұмыс істеуге әбден дағдыланғанмын, нашар стильді, әсіресе әріп қатесін суқаным сүймейді. Жолдауларымды, сөйлейтін сөздерімді, мақалаларымды, тіпті әріптестеріме жолданатын хаттардың бәрін тікелей өзім қарайтынымды аппараттағылардың барлығы біледі». Осының өзі көп дүниені аңғартса керек...

Кеңауқымды өткір тақырыптарға арналған 33 бөліктен тұратын сұхбатты оқи отырып, Қазақстанның әлеуетін еселей түсу жолында жеткен жетістіктер – өткен жылдың қорытындылары мен биылғы Тәуелсіздігіміздің 35 жылдығында жасалар өзгерістерге толыққанды жауап алдық.

Осыдан 8 жыл бұрын «Күшті Президент – Ықпалды Парламент – Есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасын жариялаған Мемлекет басшысының бүгінгі сұхбатынан айқын аңғарылатын сипат – жүріп жатқан реформалардың логикасын түсіндіруі. Қазақстан біртіндеп экономиканың құрылымын өзгертіп келеді. Инфрақұрылымды жаңғырту, энергетика мен коммуналдық саланы нарықтық тетіктерге көшіру, көлік-логистика хабы ретінде елдің ролін күшейту – бәрі де ұзақмерзімді тұрақтылыққа бағытталған. Жаңа теміржолдар мен магистралдар салу, порттар мен әуежайларды жаңғырту – бұл стратегиялық ойдың нақты көрінісі. Осы орайда жақында іске қосылған «Достық – Мойынты» теміржол магистралінің мән-маңызы зор. Бұл жоба арқылы Қытай мен Еуропа арасында тасымалданатын жүк көлемі бес есе өспекші. «Мойынты – Қызылжар», «Бақты – Аягөз», «Дарбаза – Мактаарал» теміржол желілерін жаңадан іске қосу да жоспарда тұр. Алдағы төрт жылда 5 мың шақырым теміржол салынып, 11 мың шақырымы жаңғыртылмақшы.

Жалпы, еліміздің экономикасы 6 пайыздан астам өсіп, ішкі жалпы өнім 300 миллиард доллар межесіне жетіп, жан басына шаққанда 15 мың доллардан асыпты. 19 миллион шаршы метрден астам тұрғын үй пайдалануға берілген, 100-ден аса мектеп пен 200-ге жуық денсаулық сақтау нысаны салыныпты. Бұл

көрсеткіштер Мемлекет дамуының келесі сатысына көтеретін іргетас болатынына күмән жоқ.

Жаңа 2026 жылды қарсы алғанымызда Мемлекет басшысы «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жариялады. Стратегиялық басымдық ретінде айқындалған Цифрландыру мен жасанды интеллект Қазақстанның жаңа даму өзегіне айналмақшы. Astana Hub, IT-экспорттың өсуі, суперкомпьютерлер, арнайы заң мен министрліктің құрылуы бұл бағыттың жүйелі түрде қолға алынғанын көрсетеді. Былтырғы жылдың соңында Сенатта қарастырылған Цифрлық кодексе, сонымен қатар Жасанды интеллект туралы заң Президентіміздің алға қойған міндеттерін орындауда өзінің ролін атқаратыны сөзсіз. Мұның бәрі экономикамен қатар, Мемлекет басшысы басымдық беріп отырған салалар білім мен ғылымның түбегейлі жаңғыруынан бастап, барлық бағытта өсіп-өркендеуге жол ашып, тың серпін береді деп сенеміз. Мұндай еліміз үшін тарихи мүмкіндікті дұрыс пайдалану әрбір азамат үшін мойнындағы парызы да болуы керек.

Сұхбаттағы тағы бір сұрақтарға тоқталып өтсек, ол арнайы мемлекеттік қордағы қаражат есебінен елімізде жалпы құны 482 миллиард теңге болатын 434 әлеуметтік және коммуналдық нысан салынып жатыр. Оның қатарында 227 сумен қамтамасыз ету, 183 денсаулық сақтау, 11 білім беру, 5 спорт, 8 инфрақұрылым нысанының құрылысы бар. Сондай-ақ Павлодар, Арқалық, Балқаш қалаларындағы әуежайлар жаңғыртылып жатыр. Павлодар облысынан сайланған депутат ретінде әуежай мәселесінің жаңғыртылуы көңілге қуаныш ұялатады. Сонымен қатар депутаттық сауалымызда көтерген – осы әуежайға жерлесіміз, заманымыздың заңғар тұлғасы, біртуар ұлама Қаныш Сәтбаевтың есімі берілу мәселесі де шешіледі деген үлкен үміттеміз.

Мемлекет басшысы сұхбатта мынадай тақырыпқа да кеңінен тоқталыпты: «...Қазірдің өзінде қауіпті «қызыл» аймақта тұрған жылу электр станцияларының саны 19-дан 10-ға дейін азайды. Қабылданған шаралардың нәтижесі көріне бастады. Себебі, энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы кез келген мемлекеттің өмір сүруіне аса

қажетті тұғыр саналады». Расында да, екі жыл бұрын Екібастұз қаласының жылу электр орталығында болған апат соның айқын көрінісі еді. Бүгінгі күні бірнеше миллиард қаржы құйылып, биылғы қысты екібастұздықтар қиындықсыз өткізіп жатқанын жуырдағы іссапарымызда көріп, депутаттық кездесуімізде көзіміз жетті.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Біздің елде көрікті жерлер өте көп. Қазір экотуризмге деген сұраныс жоғары. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстанға тең келетін ел жоқ секілді көрінеді. Алайда белгілі бір себептерге байланысты, соның ішінде жауапты тұлғалардың біліксіздігі мен немқұрайдылығының кесірінен туризмнің болашағы зор осы бір саласы әлі күнге дейін кенже қалып отыр», – деді осы сұхбатта. Яғни, бұл саланы да ауқымды өзгерістер күтіп тұр деуімізге болады және қажетті жұмыстар жасалып та жатыр. Көрікті жердің бірі – қасиетті Баянауыл жері. Депутаттық сауалымызда этнотуристтік маршрут ретінде «Бұқар жырау – Мұса Шорман – Мәшһүр Жүсіп кесенелерінің» арасындағы қосылмай жатқан 28 шақырымдық жолдың мәселесі де толығынан шешіледі деген сенімдеміз.

Ал алда тұрған конституциялық және институционалдық өзгерістер Қазақстанның ұзақ жылдарға арналған бағытын айқындайтын шешуші кезең болмақ. Бұл – жай өзгерістер тізбегі емес, мемлекетті басқарудың жаңа мәдениетіне көшу. Жаңғырудың табысы да осы логиканы қаншалықты терең түсініп, іске асыра алатынымызға байланысты. Қазақ елін әділетті, технологиялық тұрғыдан дамыған, бәсекеге қабілетті мемлекетке айналдыруға бағытталған жүйелі саясаттың жемісі болсын деген Президенттің сұхбаты – бүгінгі күннің қорытындысы ғана емес, ертеңгі Қазақстан туралы толғамды ой деп білемін.

Әрине, ауқымды сұхбат болғаннан кейін тақырыптың да әралуандығы болуы заңды. Барлық айтылған бағыттарға тоқталу алдағы кездесулердегі міндетіміз, сондықтан Президент атап өткендей, елдің болашағы еңбеккер, жауапты, кәсіби адамдардың қолында. Нағыз отаншылдық та осында: ұранда емес, адал еңбекте. «Нағыз отаншыл азамат жұрттың алдында кеудесін соғып көпірмейді, етегі жасқа толып еңіремейді, онды-солды сұхбат беріп ділмәрсімейді. Үндемей жүріп, үлкен іс бітіреді» деген Мемлекет басшысының ойын құптап отырып, нақты іс жасауға ұмтылайық!

**Алтынбек НУХҰЛЫ,**  
Парламент  
Сенатының депутаты



## ЗЕРДЕ


10 ҚАҢТАР 2026 | СЕНБІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жақында 2026 жылды «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жариялады. Президент «Turkistan» газетіне берген сұқбатында: «Қазақстан цифрлық державаға айналуы керек. Бұл – қазіргі жаңа технология дәуірінде өркениетті ел болып қалудың бірден-бір жолы. Халқымыздың ой-санасы мұндай инновацияларға дайын екеніне сенімдімін. Қазақстан да экономика мен қоғамдық өмірге жасанды интеллектті енгізуге басымдық беріп жатыр. Еліміздің бұл жұмысқа қатысты бастапқы мүмкіндіктері жаман емес», – деген еді. Бұл бастама әрі қарай қалай жүзеге аспақ?

**Айсұлу СЪЕЗХАН**

Быттыр мамырда Президент тапсырмасымен жасанды интеллектті дамыту жөнінде арнайы кеңес жұмысын бастады. Мемлекет басшысының бытырғы Жолдауынан кейін «Жасанды интеллект туралы» жаңа заң күшіне енді, сонымен қатар Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі құрылды. Қазір елдегі ең алғашқы цифрлық қала – Alatau city құрылысы ойдағыдай жүріп жатыр. Демек, 2026 жыл бастамалардың жүйелі жалғасатын кезеңі болмақ. Мемлекет басшысы биыл да бірталай шаруаның сәтті атқарылатынын тілге тиек еткен болатын.

Америка, Еуропа елдері, Қытай, Оңтүстік Корея, Араб, Орта Азия елдері де біртіндеп цифрлық әлем мен ЖИ жүйесінің қожасы болуға жан-жақты әрекет жасап бағуда. Оған дәлел – Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Turkistan» газетіне берген сұқбатында ЖИ саласындағы АҚШ пен Қытай арасындағы бәсекенің артып бара жатқанын да қозғап өткені. Әлемдік сарапшылардың болжауынша, бірқатар америкалық компания 2026 жылы ЖИ негізіндегі өнімдер арқылы табысын 6 миллиард доллардан 20 миллиард долларға дейін арттыруы мүмкін. Қытайда қазірдің өзінде жасанды интеллект мәселесімен айналысатын бес мыңға жуық компания бар. Сол себепті де ЖИ әлеміне бет бұруымыз жаһандық тәжірибенің айғағы, жаңа заманның талабы іспетті. Қысқасы, ешбір ел қамсыз отыр-



# ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖЫЛЫНАН не күтеміз?

ған жоқ. Дамыған елдерде дәрігер-робот, жүргізушісіз такси, робот курьер сынды автоматтанған қызметтердің саны артқаны қашан, біз де заман көшінен қалып қоймауымыз керек. Бұл жөнінде бізге IT саласының сарапшысы, «Жасанды интеллект әліппесі» кітабының авторы Мейіржан Әуелханұлы да пікір айтты.

— Жасанды интеллект және цифрландыру жылы – еліміздің қазір бір ұраны емес, технологиялық сала болғандықтан, ұрандатуға келмейді, нәтиже тек іспен көрінеді. Бұл шешім – қазіргі бүкіләлемдік геосаяси және экономикалық жағдайдағы өңірлік қажеттілігіміз. Егер ЖИ технологиясын алғашқылардың қатарында игеріп үлгермесек, онда мемлекетіміз алдағы он жылда Орта Азияда, Еуразия кеңістігінде де, тіпті әлемде де өзіндік орнын жоғалтып алуы ықтимал, – дейді IT маман.

Оның сөзінше, мемлекетіміз бұған дейін де цифрландыру жүйесінде әлеуеті жоғары елдердің бірі атанды. Бүгінде еліміз цифрландыру қызметінен ары қарай деректерге негізделген басқару моделіне өтуді басты мақсат етіп отыр. Сонымен қоса, ЖИ жүйесін меңгерудің ұлттық, тілдік негізімізді сақтауға да мүмкіндігі зор.

— ЖИ жүйесіне қазақ тілін енгізуді дәл уақытында қолға алдық. Жасанды интеллект дәуіріндегі қазақ тілін стратегиялық ресурс ретінде сақтап қалу, болашаққа жеткізу жағынан едәуір жетістікке жетіп отырмыз. Қазір ЖИ жүйесіне қазақ тілін үйрету арқылы қазақ тілінің цифрлық әлемдегі толыққанды, тірі тілге айналуында шешуші кезеңді


бастан өткізіп жатырмыз десек те болады. Оны бірі байқап, бірі аңғармауы да мүмкін, – деді М.Әуелханұлы.

Экономистердің есептеуінше, жасанды интеллект 2030

секесін негізге ала отыра, елдегі инфрақұрылымды дамыту керегі анық. Қазір елімізде Alem.Cloud және Al-Farabium суперкомпьютерлері іске қосылған.

— Жасанды интеллект бойынша негізгі мәселе – инфрақұрылымдар, суперкомпьютер-

**Экономистердің есептеуінше, жасанды интеллект 2030 жылға қарай әлемдік экономикаға 15,7 триллион доллардан аса табыс әкелуі мүмкін.**



жылға қарай әлемдік экономикаға 15,7 триллион доллардан аса табыс әкелуі мүмкін. Сол себепті әлемдік алыптардың бә-

лер. Алматыдағы, Астанадағы қойылып жатқан дата-орталықтар, суперкомпьютерлердің қуаттылығы біз үшін өте маңыз-

ды. Қазір біршамасын орнаттық, енді осы құрылғыларды қолдану қажет. Жасанды интеллект жүйесі бойынша оң шешімдер тауып жатырмыз, ендігі кезекте әрекет етіп, істің нәтижесін көру қалды. Экономикадағы стратегиялық, қауіпсіздіктегі ақпараттық қадамдарды іске асыруымыз керек. Бәрі сәтті болса, ЖИ жүйесі инфрақұрылыммен бірге жұмыс істеп тұрған, интеллектуал экономикасы бар елге айналамыз, – дейді сарапшы М.Әуелханұлы.

Сарапшылардың айтуынша, 2026 жыл – еліміз емес, әлем үшін жасанды интеллект саласындағы трансформация кезеңі. Мемлекет басшысы 2026 жылды «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жариялап, цифрлық трансформацияны жеделдетуге, кадрларды қайта дайындауға, инновациялық жобаларды іске асыруға маңызды қадам жасады десек, қателеспейміз. Біз IT-маманы, киберқауіпсіздік саласы бойынша сарапшы Ғасыр Құралбайұлынан да бұл жылдан қандай өзгеріс күтесіз деп сұраған едік.

— 2026 жылды «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жариялануы – өте орынды әрі батыл шешім. Мұндай саяси шешім елге үлкен деңгейде бағыт бере алады. Бұл жылдан не күтуге болады? Білім, мемлекеттік қызмет, денсаулық, кәсіп саласында да өнімділік болады. Ең бастысы, бізге кадрлар қажет, инфрақұрылымды дамыту керек. ЖИ жүйесі үшін ең керегі – деректің жеткілікті болуы. Қазақ тілінде ақпарат көп болған сайын ЖИ да дұрыс жұмыс істейді, – дейді Ғасыр мырза.

Маманның айтуынша, бұл қадам – технологияның артта қалуы емес, елдің алға шығуға талпынысы. Дегенмен де ЖИ жүйесінің адамзатқа керегімен қатар, қауіп де барын естен шығармаған абзал. Ақпараттың бұрмалануы, дипфейктің артуы анық, бірақ қатері бар деп, прогрестен артқа шегіне де алмайсын. ЖИ әлеміне қадам басу ақпараттық қауіпсіздік саласындағы қорғанысты күшейтуге де себепкер болмақ. Ғасыр Құралбайұлының сөзінше, ең ескеретін жайттың бірі ЖИ еңбек нарығының өзгеруіне де әсер етеді.

— Министрліктер мамандарды қайта дайындау, әлеуметтік бейімдеуге көңіл бөлуге тиіс. Бұл – мүмкіндік жылы, барынша мүмкіндіктерді қолданып қалғанымыз жөн, жылдың нәтижесі жауапкершілік пен жүйелі іске байланысты, – дейді Ғ.Құралбайұлы.

Мемлекет басшысының «Жасанды интеллект пайда болғаннан бері болашақтың кемесіне мініп үлгеретін елдер мен ескі заманда қалып қоятын елдердің арасы алшақтай бастады» деп сипаттауы көпті ойландырып та қойды. Енді ғылыми фантастиканы шындыққа айналдыру қажет.

## ЖАСЫЛ ЭНЕРГЕТИКА

10 ҚАҢТАР 2026 | СЕНБІ

Қазақстан – уран қоры бойынша әлемде алдыңғы орында тұрған елдердің бірі. Бұл біздің елімізге атом энергетикасы саласын дамытуға зор мүмкіндік береді. Жаһандық энергия тұтыну өсіп жатқан тұста, қауіпсіз әрі экологиялық таза қуат көзіне сұраныс артты. Осыған байланысты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен елімізде атом энергетикасын дамыту және осы салада отандық кадрларды даярлау мәселесі күн тәртібіне шығып отыр. Яғни, атом қуатын тиімді пайдалану арқылы елімізде ядролық кластер құру және техникалық интеллигенцияның жаңа буынын қалыптастыру қажет.

## Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

Мемлекет басшысы былтыр Бурабайда өткен Ұлттық құрылтайда жаңа энергетика саласын қалыптастыру үшін газ бен көмір өндіру ісіндегі мүмкіндіктерді және жаңартылатын қуат көздерінің әлеуетін толық пайдалану керектігіне арнайы тоқталды.

«Біз үшін ел экономикасының ондаған жыл бойы қарқынды дамуына берік негіз болатын жаңа энергетика саласын қалыптастырудың стратегиялық маңызы бар. Мен, дәл сол себепті, Қазақстанға бір емес, үш атом электр стансасын салып, ақырында толыққанды ядролық кластер қалыптастыру қажет деп есептеймін», — деген болатын. Сонымен қатар Президент «Turkistan» газетіне берген сұхбатында, «Бірнеше атом станциясын салу — біріншіден, тарихи олқылықтың орнын толтыру деген сөз. Себебі, уран өндірісі бойынша әлемде көш бастап тұрған елдің бірде-бір атом электр станциясын салмауы мүлдем ақылға қонбайды. Екіншіден, бұл қадам Қазақстанның абырой-беделін нығайта түседі. Біз атом станцияларын салу арқылы техникалық интеллигенцияның жаңа буынын қалыптастырамыз. Тіпті, мемлекеттік саясаттың түпкі мәнін өзгертеміз. Осыны қаперден шығармаған жөн», — деп атап өтті.

Демек, мемлекеттік саясаттың түпкі мәнін өзгертетін техникалық интеллигенцияның жаңа буынын қалыптастыру білікті кадрлар мен кәсіби мамандар даярлау ісіне қатысты болатыны анық. Сонымен қатар ядролық кластер қалыптастыруда энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызы зор. Алайда атом электр саласындағы кадрлық әлеуетті қалыптастыру енді ғана қолға алынып жатқан бағыт емес. Қазірдің өзінде елімізде осы бағытта білім беретін бірқатар оқу орны бар. Атап айтқанда, Алматыдағы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ және Satbayev



Елдар ҚАБА (қолжазба)

# АТОМ САЛАСЫНА ӘЛЕУЕТТІ КАДР КЕРЕК

University сынды жоғары оқу орындарында ядролық физика, энергетика, материалтану салалары бойынша білім алуға болады.

Ашық ақпарат көздеріндегі деректерге сүйенсек, бүгінде атом саласына қажетті білікті кадрларды даярлау физика, энергетика, электротехника және тау-кен инженериясына байланысты 18 білім беру бағдарламасы бойынша қарқынды жүргізіліп жатыр. Шетелдік бағдарламалар бойынша оқуға гранттар бөлу, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған АЭС-терде өндірістік тәжірибеден және тағылымдамадан өту ұйымдастырылады. Сондай-ақ 2024-2025 оқу жылына атом саласы мен өнеркәсібіне қатысты бағыттар бойынша 5 мыңнан астам грант бөлінген. 2023-2024 жылдары осы бағыттарда білім алып жатқан студенттер саны шамамен 250 адамды құраған. Жалпы алғанда, 2011-2023 жылдар аралығында атом саласы мен өнеркәсібі саласына 1 600-ден астам маман даярланыпты.

## ТЕХНИКАЛЫҚ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯ ТЕТІГІ

Сала мамандары ендігі міндет — атом электр саласындағы отандық кадрлардың біліктілігін халықаралық тәжірибе негізінде арттыру екенін айтады. Қазақстанның Атом энергиясы жөніндегі агенттігінің баспасөз қызметінің мәліметінше, қазір елімізде 5 мыңнан астам маман тек Қазақстан үшін ғана емес, Орталық Азия өңірі үшін де оқытылады.

«Алматы қаласындағы Ядролық физика институты базасында (бұдан әрі — Институт) Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттігі (МАГАТЭ), АҚШ энергетика министрлігі мен Қазақстанның серіктестегі аясында ашылған үш оқу орталығы жұмыс істейді. 2001 жылы ашылған радиациялық қауіпсіздік, 2003 жылы бұлдірмейтін бақылау және 2017 жылы ядролық қауіпсіздік бағыттары бойынша ашылған бұл орталықтар атом саласының заманауи талаптарына сай жоғары деңгейдегі кәсіби даярлықты қамтамасыз етеді. Қазір осы орталықтарда 5 мыңнан астам

маман тек Қазақстан үшін ғана емес, Орталық Азия өңірі үшін де даярланды. Әсіресе, бұлдірмейтін бақылау бағыты ерекше маңызды: осы әдістемелерді қолдану болашақ АЭС құрылысының сенімділігін қамтамасыз етеді, ал мұндай жұмыстар станция бюджетінің шамамен 5%-ын құрайды», — деп жазылған агенттіктің баспасөз хабарламасында.

Еліміз атом электр станцияларын салу арқылы тек энергия өндірумен шектелмей, осы саланың зерттеу бағытын да күшейтуді мақсат етеді. Бұл тұрғыда ғылыми-зерттеу орталықтарына жүктелетін міндеттің жүгі ауыр және халықаралық тәжірибе негізіндегі жетекші ғылыми орталықтардың қажеттілігі туындайды.

Ядролық физика институты ЗРК СССР-Қ бас инженердің орынбасары Асхат Бекбаевтың айтуынша, ғылым, білім беру, өндіріс және мемлекет арасындағы тығыз үйлестіру жағдайында зерттеу инфрақұрылымын дамыту маңызды.

— Ең басты бағыттардың бірі — жаңа зерттеу реакторын салу. Бұл АЭС үшін материалдарды сынау, изотоптар өндіру, ядролық отын циклының тұйық технологияларын дамыту және басқа да ғылыми-қолданбалы міндеттер спектрін кеңейтуге мүмкіндік береді. Қазіргі заманғы ғылыми инфрақұрылымның болуы ядролық энергетиканы қауіпсіз әрі тиімді дамыту үшін алғышарт болып табылады. Біз Қазақстан тек энергия өндірумен шектелмей, осы саланың зерттеу бағытын да күшейтуге тиіс деп санаймыз, — деді маман.

Жалпы, ел аумағында атом электр станцияларын салу және ядролық кластер қалыптастыру бағытындағы жұмыстар кадр даярлау, мамандарды оқыту ісімен шектеліп жатпағаны анық. Атом энергиясы жөніндегі агенттігінің баспасөз қызметінің хабарлауынша, бүгінде Ядролық физика институты әлемнің 30-дан астам жетекші ғылыми орталықтарымен әріптестікті белсенді жүргізіп келеді. Соның ішінде әлемдегі жетекші, Америка

Құрама Штатының ең ірі ғылыми орталықтарының бірі — Массачусетс технологиялық институтымен (MIT) ядролық технологиялар мен термоядролық энергетиканы дамыту бағыты бойынша бірлескен жобаларды іске асыруда.

«Быттыр Ядролық физика институты делегациясының мамыр айындағы іссапары кезінде ядролық технологиялар, радиациялық сынақтар мен жаңа материалдар салаларында ынтымақтастықты кеңейту мүмкіндіктері талқыланған болатын. Ал маусым-тамыз аралығында Ядролық физика институты мен MIT арасындағы ынтымақтастық аясында MIT магистранты Институттың «Радиациялық материалтану» зертханасында ғылыми тағылымдамадан өтті. Сонымен қатар Ядролық физика институты былтыр қантар айында Невада университетімен (University of Nevada, Las Vegas) меморандумға қол қойып, радиохимия саласында ғылыми тәжірибе алмасу бағыты бойынша өзара әріптестік келісілген болатын», — деп мәлімдеді агенттіктің баспасөз қызметі.

## АТОМ ЭНЕРГИЯСЫ: САҚТЫҚ ПЕН ҚАУІП ЕГІЗ

Әлемде атом электр станцияларын салу тәжірибесі көптеген ел үшін энергияның сенімді әрі экологиялық таза көзі ретінде қарастырылады. Бүгінде ашық ақпаратқа сәйкес, әлем бойынша 64 ядролық реактордың құрылысы жалғасуда, олардың шамамен үштен бірі Азия елдерінде салынууда. Олардың құрылысы негізінен Қытай, Оңтүстік Корея және Үндістан сияқты елдерде жүргізіліп жатыр.

2023 жылғы деректерге сәйкес, Франция өзінің электр энергиясының шамамен 70%-ын АЭС арқылы өндіреді, бұл елді ядролық энергетиканы пайдалану жағынан көшбасшы елдер қатарына шығарады. Францияның ядролық энергетикаға тәуелділігі елдегі парниктік газдардың төмен деңгейін сақтап, энергетикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

АҚШ-та қазір 92 атом реакторы жұмыс істейді, ал Оңтүстік Кореяда 24 реактор елдің шамамен 30%-ға жуық энергиясын қамтамасыз етеді. Қытайда 27 жаңа реактор салынып жатыр, олардың іске қосылуы елдің ядролық қуатын едәуір арттырады деп күтілуде. Бұл елдер жаңа қауіпсіздік технологияларын, соның ішінде шағын модульдік реакторларды (SMR), қолданып келеді, бұл атом энергиясын одан әрі қауіпсіз етуге бағытталған.

Дегенмен, атом энергетикасын тұтынудан бас тартқан елдер де бар екені жасырын емес. Оның себебі де бар. Мәселен, еліміз үшін, Семей ядролық полигонындағы 40 жыл бойы жүргізілген сынақтар халықтың атом энергетикасына деген аландаушылығы мен сенімсіздігін тудырады. Сондықтан еліміз үшін ядролық кластер қалыптастыру мәселесінде сақтық шараларының алдыға шығуы заңдылық саналады. Халық арасында АЭС құрылысы бойынша әртүрлі пікірлердің болуы — бір жағынан, Семей ядролық полигоны, Чернобыль және Фукусима апаттарынан қалған қорқыныш болса, екінші жағынан «бейбіт атом» ұғымы мен энергетикалық тәуелсіздікті нығайту тұрғысындағы түсінікке қатысты. Ал атом энергетикасын дамыту барысында отандық білікті кадрларды халықаралық тәжірибеге сүйене отырып дайындаудың өзіндік ерекшеліктері бар екені сөзсіз. Бұл тек технологиялық тұрғыдан дайындықты ғана емес, сонымен бірге қоғамның сенімін арттыру мен әлеуметтік жауапкершілікті қамтамасыз етуді талап етеді.

Атом энергиясы жөніндегі агенттіктің баспасөз қызметі «Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік ұсынымдарына сәйкес, білікті ұлттық кадрлардың болуы атом энергетикасын қауіпсіз, орнықты және сенімді дамытудың негізгі шарттарының бірі болып саналады. АЭХА ядролық объектілердің өмірлік циклының барлық кезеңдерінде — жоспарлау мен салудан бастап, пайдалану және пайдаланудан шығару кезеңіне дейін — ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде адам факторы шешуші рөл атқаратынын атап көрсетеді» деп мәлімдеп, қауіпсіздік мәселесінде ұлттық кадрлардың болуының маңыздылығына тоқталды.

Агенттіктің мәліметінше, Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік кадрлық әлеуетті алдын ала дамыту энергетикалық қауіпсіздіктің ажырамас элементі болып табылатынын және мемлекеттің ядролық бағдарламасын іске асырудың баспапқы кезеңдерінен бастап жүзеге асырылуға тиіс екенін көрсетеді. Осы тұрғыда өз мамандарын даярлау Қазақстанның энергетикалық егемендігін және тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ететін ұзақ мерзімді негізді қалыптастырады.

Қазақстан үшін энергияны экологиялық таза көздерге көшіру тек қоршаған орта үшін ғана емес, елдің экономикалық болашағы үшін де аса маңызды мәселе. Ал білікті кадр даярлау мәселесі саладағы қауіпсіздік кепілі десек болады.

## ДАМУ

10 ҚАҢТАР 2026 | СЕНБІ



## СПОРТПЕН

Шығыс Қазақстанда соңғы жылдары спорт тек кәсіби деңгейде емес, күнделікті өмірдің бір бөлігіне айналып келеді.

Аймақтың ауыл-қалаларында спорт инфрақұрылымы қатар жаңарып, жүздеген секция, мыңдаған бұқаралық іс-шара және жаңа спорт нысандары тұрғындарға қолжетімді бола түсті. Демек, өңірде салауатты өмір салты мәдениеті қалыптасып келеді деп айтуға толық негіз бар. Мәселен, былтыр бұл өлкеде 3 600-ден астам жарыспен фестиваль ұйымдастырылған. Облыста салынып жатқан спорт нысандарының да қарқыны күшті.



Қазір аймақтағы спорттық инфрақұрылым жақсарып, бұқаралық спортпен айналысатындар саны артып, жоғары деңгейдегі спортшыларды даярлауға қажетті жағдайлар жасалуда. ШҚО әкімі Нұрымбет Сақтағановтың қолдауымен жүзеге асырылып жатқан жобалар қалаларды да, ауылдарды да қамтып, барлық жастағы тұрғындардың денсаулығын нығайтуға бағытталған.

Облыста ел игілігіне жарап отырған 1 628 спорттық нысан болса, одан бөлек жаңа объектілерді салу және кей нысандарды қайта жаңғырту жалғасын тауып келеді. Атап айтқанда, әртүрлі кезеңдерде жалпы құны 6,1 млрд

## БІТЕ ҚАЙНАСҚАН ӨЛКЕ

тенгеден астам болатын 8 спорттық нысанның құрылысы мен реконструкциясы жүргізілуде. Бұл жобалар ең шалғай елді мекен тұрғындарының да сапалы спорттық инфрақұрылымға қол жеткізуін қамтамасыз етуге арналған.

Мәселен, былтыр бірқатар жаңа спорт нысаны пайдалануға берілді. Оның ішінде, Соғра кентінде орналасқан «ШҚО қысқы спорт түрлері бойынша мамандандырылған балалар-жасөспірімдер олимпиадалық резерв мектебінде» тау шаңғысы базасы іске қосылды. Сондай-ақ Тарбағатай ауданы Ақжар ауылында қайта жаңғыртудан кейін орталық стадион ашылды. Қазан айында Ұлан ауданы Таврическое ауылында денешынықтыру-

аса адам да бар. Балалар мен жасөспірімдер арасында спортқа қызығушылық 36 пайыз болса, мүгедектігі бар жандардың 15 пайызы белсенді түрде айналысады.

2023 жылдан бері көрсеткіш тұрақты өсіп келеді: 2023 жылы спортпен жүйелі айналысқандар 306 мың адам болса, 2025 жылы олардың саны 314 мыңға жетті. Жыл сайын жоспар асыра орындалып жатыр, бұл өңір халқының спортқа деген ынтасы артқанын дәлелдейді.

Мұндай өзгерістердің бір себебі — тегін секциялардың көбеюі. 2025 жылы облыс бюджеті осы мақсатқа 1 млрд тенгеден аса қаржы бөліп, 17 спорт түрі бойынша 231 тегін секция ашылды. Онда бүгінгі күні 4 300-ден астам бала жаттығады. Жоба Damubala.kz платформасы арқылы жүзеге асып, қала мен ауыл арасындағы айырманы да азайтып келеді.

Шығыс өңірінде жыл бойы жарыстар, фестиваль мен турнирлер секілді спорттық шаралар толастамайды. Бір жылдың ішінде 3 600-ден астам шара өткенін ескерсек, өңірде спорттың қаншалықты жанданғанын аңғаруға болады. Солардың ішінде «Алтын шайба» балалар хоккей турнирі мен «Сәулетай» спартакиадасы ерекше көзге түседі. Сонымен бірге мемлекеттік қызметкерлер, еңбек ұжымдары, ардагерлер мен құқық қорғау органдары да жеке-жеке спартакиада өткізіп, бақ сынаған. Бұдан бөлек, ауылдан бастап облысқа дейін үш кезеңнен тұратын қайта жанданған халықтық спорт ойындары үлкен оқиғаға айналды. 22 спорт түрі бойынша 2 мыңдай адам қатысқан бұл ойындар ұлттық спортты да назардан тыс қалдырмады. Мұндай шаралар спортты тек жарыс үшін емес, өмір салты ретінде қабылдауға жол ашып келеді.

Кәсіби спортқа келсек, онда да жүйелі жұмыс байқалады. Облыста 38 спорт мекемесі бар, олардың базасында 20 мыңдай спортшы жаттығып жүр. Оларды 800-ден астам жаттықтырушы дайындайды. Мұнда қысқы және жазғы олимпиадалық

бағыттармен қатар ұлттық спорт түрлері де дамытылады. Нәтиже де жоқ емес. Бүгінде Қазақстанның ұлттық құрамаларының сапында Шығыс Қазақстаннан 775 спортшы бар. Бұл өңірдің спорттық әлеуетінің қандай екенін көрсетеді.

Шығыстың спортшылары былтыр талай жарыста ел намысын абыроймен қорғап, жүлде салмағын арттыра түсті. Мысалы, былтыр мамырда Колумбияның Богота қаласында семсерлесуден өткен әлем кубогында Руслан Құрбанов күміс медаль алып, кәсіби деңгейдегі сапасын тағы бір дәлелдеді. Артынша Азия чемпионатында көркем гимнастикадан шығыс өңірінен шыққан қыздар топтық жаттығуларда бірінші орынға шығып, залды тәнті етті. Команда құрамында Евгения Вендиревская, Әлия Бакытқызы, Ксения Шиолина және Тамирис Вахлова болды.



Маусым айында Тайландта өткен жастар арасындағы Азия чемпионатында байдарка мен каноэ есушілер нағыз сенсация сыйлады: үш алтын, бір күміс! Сұлтан Шарапиев екі алтын мен бір күміс алса, Александр Вильгельм К-4 эстафетасында алтынмен оралды. Сондай-ақ Вьетнамда өткен Азия чемпионатында да өңір спортшылары құр қол қайтқан жоқ: грек-рим күресінен Ерасыл Мамырбеков алтын, еркін күрестен Нұрдаулет Бекенов күміс медальға ие болды.

Шілдеде семсерлесуден Қазақстан құрамасы әлем чемпионатында тарихи қола алып, оған Шығыс Қазақстаннан Руслан Құрбанов, Вадим Шарлаимов және Кирилл Прохоров үлкен үлес қосты. Ал Токиода өткен Сурдлимпиадада Фаина Мейрманова биіктікке секіруден алтын олжалады.

Жыл соңында Найробиде Батырхан Төлеуғали 87 келіде қарсыластарын ойсырата жеңіп, әлем чемпионы атанды. Дубайда өткен Пара Азия жасөспірімдер ойындарындағы көрсеткіш одан да қатты қуантты: жалпы 4 алтын, 3 күміс, 3 қола. Пара жүзушілерден Виктор Волков үш рет алтын, бір рет күміс алса, Кирилл Ресслер алтын және эстафетада қола алды. Матвей Пахомов екі күміспен қайтты. Пара қол күрестен Романькова Ольга екі қолымен де қола медаль жеңді. Мұның бәрі — ағымдағы маусымның же-

тістігі ғана. Демек, шығыстың спорт мектебінен шыққан түлектер әлі талай жыл әлем аренасынан көрінеді.

Шығыс Қазақстан облысы хоккейдің отаны саналады. Мұны «Торпедо» хоккей командасының Қазақстан кубогында алтын медаль жеңіп алуы растайды. Сонымен қатар Өскемен хоккей мектебінің көптеген түлегі Континенттік хоккей лигасы мен Про-лигада жаттықтырушы ретінде табысты еңбек етуде.

«Алтай-Өскемен» футбол командасының ҚР Премьер-лигасына жолдама алуы және Бірінші лигада қола жүлде иеленуі облыста үлкен футболдың қайта жандануына серпін берді.

Өңір үшін дәстүрлі түрде қуатты бағыт саналатын қысқы спорт түрлерін дамытуға да ерекше көңіл бөлінеді. Облыстың табиғи-климаттық жағдайлары қысқы олимпиадалық 13 спорт түрін дамытуға мүмкіндік береді. 2026 жылы Италияда өтетін XXV Қысқы олимпиада ойындарына дайындық аясында өңір спортшылары фристайл, биатлон, шаңғы жарыстары, трамплиннен секіру және тау шаңғысы спортынан Әлем кубогы кезеңдері мен халықаралық турнирлерге қатысуда. Оларды даярлау үшін тұрақты қаржыландыру, заманауи спорттық құрал-жабдықтар, жаттығу базаларына қолжетімділік және толыққанды медициналық сүйемелдеу қамтамасыз етілген.

Алдағы жылдары өңірде бірқатар нысанның құрылысы жоспарланған. Атап айтқанда: Өскемен қаласында 5 мың орындық бассейні бар әмбебап спорт аренасы, 10 мың орындық мұз аренасы, 1 000 орындық мұз орталығы, волейбол орталығы, UEFA 3 санатты 5 мың орындық жабық футбол стадионы, ұлттық теннис орталығының республикалық академиясы. Риддер қаласында денешынықтыру-сауықтыру кешені, республикалық деңгейдегі спорттық-сауықтыру және оңалту орталығы, роллерлік трасса, K20 трамплині, жабық хоккей модулі салынып, «Сокол» стадионын реконструкциялау жоспарланып отыр. Сондай-ақ Алтай және Зайсан аудандарында денешынықтыру-сауықтыру кешендерінің құрылысы көзделген.

Бұл нысандар облыстың еліміздің шығысындағы негізгі спорт орталықтарының бірі ретіндегі мәртебесін нығайтып, республикалық және халықаралық деңгейдегі жарыстарды өткізу мүмкіндіктерін кеңейтеді. Шығыс Қазақстан облысында спортқа қатысты бастамалар кездейсоқ емес, атап айтқанда спорттық инфрақұрылымды дамыту, бұқаралық спортты қолдау және кәсіби атлеттерді даярлау жүйелі түрде жүзеге асып жатыр. Бұл бағыттың барлығы спорттың өңір өмірінде жай жарыс қана емес, тұрғындардың денсаулығын нығайтатын, өмір сапасын жақсартатын және әлеуметтік жауапты қоғам қалыптастыратын маңызды фактор ретінде қарастырылатынын айқын көрсетеді.

Әмина МҰХАНБЕТ

## ОЙТОҒЫС

10 ҚАҢТАР 2026 | СЕНБІ

Қазақ пен жылқы – егіз ұғым. Бұл ерекше байланыстың сыры сан тарау. Ең алдымен, қылқұйрықты қолға үйретіп, бірінші болып тізгінмен басқарған қазақ екенін әлем жұртшылығы мойындап қойған. Осылайша, көшпенділер өркениетіне қазақтың қосқан үлесі айрықша. Жылқы тек қазақтың емес, жиырмадан астам ұлттың қасиетті жануары болып саналады. Наурыз айынан бастап, жылқы жылы енетінін ескерсек, биылғы жылдың айрықша қасиеті, асылтұқымды жылқының ерекшеліктері, ат үстінде басталған өркениет төңірегінде белгілі тарихшы, ғалым, этнограф Ахмет Тоқтабаймен тілдестік.

— Ахмет аға, әңгімеміздің әлқиссасын ұлттық бірегейліктен бастасак. Тарихшылар көшпелілер мәдениетін «ат үстіндегі өркениет» деп сипаттайды. Жалпы, қазақ тарихының қатпарларында жылқының орны қандай?

— Біз — ат үстінде өмір сүрген халықпыз. Басқа кейбір халықтар жаяу жүріп, жаяу тіршілік кешкен болса, біз ат үстінде жердің барлығын жаулап, жүздеген, мыңдаған километрлерді еркін бағындырдық. Сондықтан ата-бабаларымыздың ақыл-ойы ұшқыр, жоғары, ой өрісі кең болды. Жылқы бізге тек көлік ғана емес, сүт, ет, өмір көзі болды. Ал жаяу жүрген халық табанның астына қарайды, табанның астынан не көрсе, содан қорқарды. Сөйтіп, қорыққан жануарына табынатын да болған. Ат үстіндегі арғы ата-бабаларымыз аттың үстінен жұлдыздарға, айға, күнге қараған. Сондықтан Тәңірге, Аллаға табынып, біздің Жаратушымыз деп сенді. Шынында да солай ғой.

«Ат үстіндегі өркениет» деген түсініктің мәні де осы — өркениеттің негізін салған аттылы адам болды. Көкжиектің арғы жағына, зеңгір көктің сырына көз тігіп, астрономиялық білімге ие болып, халық денсаулығын, өмірін нығайтты. Гендерлік теңдік мәселесі де, бүгінгі түсінік бойынша алсақ, дәл сол көшпелі замандарда, 6 мың жыл бұрын біздің жерімізде белгілі болған. Ат үстінде өмір сүрген көшпенділер құрлықтарды, мыңдаған шақырым аралықтарды бағындырып, бір өркениетті екіншісіне жалғап отырды. Сол үшін аттылы адам — нағыз өркениеттің күші, ой мен ерліктің символы болды.

#### ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЕГІЗ ҰҒЫМЫ

— «Қазақ пен жылқы — егіз ұғым» деген тәмсіл әдемі тенеу емес, үлкен тарихи ақиқат екені даусыз. Осы екі ұғымның біте қайнасып кетуіне қандай тарихи-антропологиялық негіздер әсер етті?

— Аттың үстіне мінген адам жермен аттың төрт аяғы арқылы ғана байланысты. Бізді «кентавр» деп атайтыны да сондықтан. Көшпенді аттың үстінде туды, аттың үстінде ержетті, аттың үстінде о дүниелік болды. Сондықтан біз жылқымен бірігіп кеткенбіз. 7 мың жыл бұрын атты қолға үйреттік, сөйтіп XX ғасырға сол атпен бірге ендік. Барлық шаруа, барлық hareket аттың үстінде атқарылды. Қазақ пен жылқы егіз дейтініміздің де түбірі — осы.

Бүгінде жылқы мәдениетін жүйелі түрде насихаттау ісі бізде кенже қалып отыр. Қазақ жылқысының тұқымдары 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейін белгілі бір деңгейде хатқа түскенімен, кейін бұл тақырып екінші қатарға ысырылды. Ал XIX ғасырдың соңындағы 1877—1878 жылдардағы орыс-түрік соғысы кезінде қазақ жылқысының ерекшелігі айқын байқалған. Атап айтқанда, Патшалық Ресейдің ішкі губернияларынан келген полктердің жылқылары Дунайдан өту барысында қырылып қалса, Жайық казактарының алты полкіндегі бірде-



Ахмет ТОҚТАБАЙ, этнограф:

# ЖЫЛҚЫ – ҚАЗАҚ



бір жылқы шығынға ұшырамаған. Мұның себебі де түсінікті: ресейлік жылқылар қорада бағуға, дайын жем-шөпке үйренген еді, ал олардың азығын әскердің арнайы бөлімдері тасымалдап отырған. Ал кең далада еркін жайылып, өз қорегін өзі табатын қазақ жылқысы еуропалықтарды таңғалдырмай қоймаған. Жылқының ұлт тарихындағы рөліне алғаш болып арнайы тоқталғандардың бірі — өзіміз. Бұған дейін де жылқы жайында кітаптар жазылды, алайда олардың дені анатомиясы, физиологиясы, шаруашылықтағы тиімділігі секілді тар аяда қалды. Мұндай еңбектерді негізінен мамандар ғана оқиды. Ал менің «Қазақ жылқысының тарихы» атты еңбегім 50 баспа табақтан тұрады. Отыз жылдық зерттеудің нәтижесінде жылқының қазақ тарихындағы, дүниетанымындағы орнын барынша қамтуға ұмтылдым. Өйткені жыл-

қы — қазақтың болмысы, ұлттың жаны мен ұлттық коды.

— Бүгінде әлемдік ғылым Ботай мәдениеті арқылы жылқының алғаш осы Ұлы далада қолға үйретілген деп мойындағанын өзіңіз де білесіз. Бұл жаңалық біздің төл тарихымызды жазуда және ұлттық

лынды. Етті тамақтарды пісіретін болды. Жылқыға мінген, жылқысы бар халық сол замандарда басқалардан әлдеқайда жоғары тұрды. Әлеуметтік, қоғамдық статусы да жоғары болды. Себебі жаяу халыққа кез келген уақытта жау шауып жаулап алатын.

Қазақстанда жылқы малына қатысты оның қан айналым жүйесі, анатомиялық дамуы немесе экономикалық тиімділігі жөнінде жазылған еңбектер аз емес. Алайда мұндай зерттеулер негізінен тар аяда қалып, көпшілік оқырманға жете бермейді. Ал жылқының мәдени-тарихи, этнографиялық болмысын кешенді түрде қарастырған ғалымдар некен-саяқ деуге болады. Өз басым жылқы тақырыбына бала кезімнен қызықтым. Себебі әкем елу жыл бойы мал шаруашылығымен айналысты, соның жиырма жылға жуығын жылқы бағуға арнады. Мен сол ортаның тәрбиесін көріп өстім. Студенттік шағымда-ақ ғылыми конференцияларда баяндама жасап жүрдім. Оқуымды аяқтаған соң тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау саласында

оралдым. Осы бағыттағы бірқатар ғылыми мақалаларым шетелдің беделді ғылыми журналдарында жарық көрді және әлі де жарияланып келеді. Кембридж университетінің ғалымы Наталья Библа менің «Қазақ жылқысы» атты кітабыммен арнайы танысып, қажетті бөлімдерін ағылшын тіліне аударып алғанын айтты. Сол кездесуде ол бұл еңбекті толықтай ағылшын тіліне тәржімалауға кеңес берді. Ғалымның пікірінше, жылқы мәдениеті мен этнографиясына арналған мұндай көлемді әрі кешенді зерттеу әлемдік ғылымда сирек кездеседі. Соңғы алты жыл бойы осы кітаптың аудармасымен айналыстым. Нәтижесінде, өткен жылдың соңында аудармашы Раушан Байғожаеваның көмегімен еңбек ағылшын тілінде жарық көрді.

#### ЖОЙЫЛЫП КЕТКЕН ЖЫЛҚЫ ТҰҚЫМЫ КӨП

— Тарихқа көз жүгіртсек, Кеңес дәуіріндегі ұжымдастыру науқаны жылқы шаруашылығына үлкен соққы болып тиді. Сол кезеңдегі

саяси шешімдер қазақы жылқының гендік қорына әсер етті ме?

— 1928 жылы ұжымдастыру басталғанда санақ бойынша қазақтың қолында 4,5 миллион жылқы болды. Қазақтың санының өзі 6 миллионнан асып тұрды. Ұжымдастырудан кейін көмпес-келеу басталды, сөйтіп қолындағы бар малын тартып алды. Тартып алғаннан кейін қазақ қиналып қалды. Сөйтіп, 1969 жылғы санақта 4,5 миллион жылқыдан 300 мың жылқы қалды. 6,5 миллион Алаш баласынан 2,3 миллион-ақ қалды. Қалғаны аштан қырылды. Осыдан-ақ ұжымдастырудың, аштықтың қазақты неге алып келгенін байқауға болады. Осы цифрларды салыстырудың өзі жетіп жатыр. Толып жатқан жылқы тұқымдары сол кезде құрып кетті. Осының бәрі шаруашылықтың кей түрлерінің күйреуіне алып келді. Қазақ аттан түсіп, жаяу күн көрді, содан бастап, халықтың рухы өшті, тақыр кедейленді.

Жылқы мәдениетін 30 жылдан бері зерттеп келе жатырмын деп отырмын. Осы уақыт аралығында қазақтар қоныстанған бірқатар шет мемлекеттерді аралап, тың деректер жинадым. Соның ішінде, жылқының түсіне қатысты 380-нен аса атау, жылқы сынына байланысты 200-ге тарта ұғым және әбзелдерге қатысты 100-ге жуық сөздік қор бар. Көпшілікке таныс торы, жирен, күрен, шабдар, құла секілді негізгі түстермен қатар, олардың негізінде жасалған туынды атаулар да бар. Мәселен, керторы, құлажирен, құлагер тәрізді күрделі түстер қолданыста кең таралған. Тіпті, кейбір түстік атаулар адам есімдері мен жер-су атауларына да ұласқан. Сайқан-торы, Шұбалаңкері секілді атау-

“**Ат үстіндегі өркениет» деген түсініктің мәні де осы – өркениеттің негізін салған аттылы адам болды. Көкжиектің арғы жағына, зеңгір көктің сырына көз тігіп, астрономиялық білімге ие болып, халық денсаулығын, өмірін нығайтты.**

мактаныш сезімін қалыптастыруда қандай бетбұрыс жасады?

— Жылқыны қолға үйрету — үлкен тарихқа бетбұрыс жасады, прогресс болды. Мысалы, адамзат от жағуды ойлап тапқаннан кейін бұрынғыдай тонып жүрмей жы-

қызмет еттім. Дегенмен жылқы тақырыбы санамнан ешқашан кеткен емес. Сол жылдары да жылқыға қатысты деректерді жүйелі түрде жинауды тоқтатпадым. Араға он жылдай уақыт салып, жылқы тақырыбына қайта

## ОЙТОҒЫС

10 ҚАҢТАР 2026 | СЕНБІ

лар — соның айғағы. Мұндай құбылыс әлем халықтарының тілінде кездесе бермейді. Жылқы түсіне қатысты осыншалықты бай әрі жүйелі лексика бірде-бір елде жоқ деуге болады. Сондықтан мен мұны қазақ халқының әлемдік өркениетке қосқан айрықша үлесі ретінде бағалаймын. Тарихта бұған дәлел болатын деректер де бар. 1960 жылдары неміс жазушысы роман-герман тілдеріндегі жылқы түстеріне қатысты атауларды жинақтаған екен. Нәтижесінде, бүкіл Еуропаның жиырмаға жуық елінен небәрі алпысқа жуық атау ғана анықталған. Кейін араб елдеріндегі жылқы түстерін француз генералы Дюма зерттеп, он жыл бойы араб даласын аралағанымен, бар болғаны отыз шақты атау тапқан. Бұл деректер қазақ халқының жылқыны тек көлік немесе шаруашылық нысаны ретінде ғана емес, тұтас мәдени құндылық ретінде қабылдағанын аңғартады.

Әлемде жылқыға байланысты осындай бай әрі нақты терминология қалыптастырған халық некен-саяқ. Қазір жапон ғалымы Такишимен бірлесіп, қазақ және

Жабы жылқысының өзіне тән қасиеттері бар: шыдамды, мойымайтын мінезі, қалың әрі ұйысқан құйрық жалы, сырт көзге қораштау көрінісі тән. Кейін бұл жылқылар басқа тұқымдармен, әсіресе араб-парсы жылқыларымен будандастырылды. Кей тұқымдардың атауы ру атауларына да ұқсас болып келеді. Мысалы, қазаққа жеткен ең танымал тұқымдардың бірі — Адай жылқысы. Оның шығу тарихына қатысты аңыз бар: 1725 жылы Адай руы Маңғыстау түбегінің бір бөлігін түркімендерден босатқан кезде, түркімендер қазақ даласына бір сұлу қыз бен бір айғыр қалдырған. Сол айғырмен жергілікті жабы жылқысының будандастырылуынан Адай жылқысы пайда болған деседі. Алайда бұл тұқымның қалыптасуы — ұзақ жылғы селекциялық жұмыстардың нәтижесі.

Сонымен қатар орыс ғалымдарының еңбектерінде Шекті, Жағалбайлы, Найман секілді жылқы тұқымдарының қазақ даласында ертеректе болғаны деректермен дәлелденген. Өкінішке қарай, тарихи және географиялық өзгерістерге байланысты бұл тұ-

деп сипаттап жүр. Сондықтан бүкілхалықтық көкпар болса, онда ұйымдастырушылар да нағыз көкпаршы, батыл, ержүрек жігіттер болып тұр ғой. Сондықтан көкпар ойындары да футбол ойындары сияқты қазақтың денешынықтыру



**Жапонияда жылқы музейі бір емес, екеу. Жылқының Отаны саналатын Қазақстанда жоқ. Ғалымдардың ортақ тұжырымына сүйенсек, дүниежүзіндегі 65 миллионға жуық жылқының 250-ден астам тұқымы қазақтың жабы жылқысынан тараған.**

сабақтарының бәрінде өтуі керек деп ойлаймын. Әсіресе, ауылда көбірек қолға алынса құба-құп.

— **Бүгінгі урбанизация, яғни қалалану үдерісінде қазақтың «ат жалындағы» рухы әлсіреген жоқ па? Технология дәуірінде жылқы мәдениетінің болашағын қалай болжаймыз?**

— Әрине, әлсіретеді. Аттан түскеннен кейін рухымыз да біршама түсті ғой. Ол үшін балабақшадан бастап, мектептерде

дай пән оқытылуы керек. Сонда жылқының жас мөлшеріне қарай атауларын, түр-түстерін, жылқы тарихын ұмытпаймыз. Менің «Қазақ жылқысының тарихы» деген еңбегім кезінде 7 мың таралыммен шықты. Соның бәрін

халық өз ықыласымен алып кетті. Ол — балалар оқуына болатын кітап. Орыс тіліндегі еңбекті халықаралық сайтқа енгіздік, сонда жарты жылдың ішінде 2 300-дей адам қарап, 400-дей адам көшіріп алған екен. Өркениет дамыған сайын жанжануарларға, оның ішінде жылқыға деген құмарлық, қызығушылық әлдеқайда артып келеді.

— **Қалалық ортада өсіп жатқан бүгінгі жастардың жылқы мәде-**

тұқымды жылқылардың санын өсіретін бұрынғыдай зауыттар жоқ. Қайта қалпына келтіру қажет.

— **Көптеген ел өздерінің символдарын әлемдік деңгейдегі брендке айналдырды. Жылқыны тек ауыл шаруашылығы нысаны емес, Қазақстанның туристік және мәдени визит карточкасы (бренд) ретінде дамыта аламыз ба?**

— Дамыта аламыз, әрине. 30 жылдан бері жылқы музейі жайында да жазып жүрмін. Англия, Франция, Испания, Ресей секілді елдерді қоса алғанда әлемнің 37 елінде жылқы музейі бар, бірақ бізде жоқ. Кейбір елдерде үлкен комплекстер бар. Мысалы, Жапонияда жылқы музейі бір емес, екеу. Жылқының Отаны саналатын Қазақстанда жоқ. Ғалымдардың ортақ тұжырымына сүйенсек, дүниежүзіндегі 65 миллионға жуық жылқының 250-ден астам тұқымы қазақтың жабы жылқысынан тараған. Осыны ескерсек, Қазақстанда қазақ жылқысына арналған дербес музей ашу — уақыт талабы. Мұндай музей тек мәдени нысан ғана емес, ұлттық брендке айналуға тиіс. Оның үстіне, сөз жалпы жылқы музейі емес, дәл қазақ жылқысының тарихы мен болмысын айқындайтын кешен туралы болып отыр. Өйткені бүгінгі жетістігіміздің басым бөлігі жылқымен тығыз байланысты.

Қазір адамзаттың жаратылысынан бастап ХХІ ғасырға дейінгі нәрсені қамтитын алып ғимарат болған музейлердің заманы өткен. Ол ХVIII-XIX ғасырларда болды. Қазір Батыс елдерінде өнердің, кәсіптің бір саласына байланысты музейлер, мамандандырылған мұражайлар бар. Қазір сондай музейлердің заманы. Осыған байланысты сол музейлерге қандай экспонаттар қойылғанын зерделедім. Енді солай етіп, қазақ жылқысына арналған музей ашылса, қазақтың ең бай дүниелерін көрсетуге болады. Мысалы, ағылшынның жылқы тарихына 300-ақ жыл болды. Жакында Мәскеуде екінші жылқы музейі ашылған екен. Иссапармен барғанымда сол музейге соқтым. Егер бізде жылқы музейін ашсақ, әлемді таңдандырып, келген туристер табан тірмей кетпейтін керемет жер болады. Қазақ жылқысының тарихы 7 мың жылға кетіп бара жатыр. Соның бәрін қамтитын болашақ музейдің экспозициялық планын да жасадым. Қазір менің қолымда өмір бойы жинаған жылқы музейіне арналған 200-ден аса экспонатым бар. Кімнің қолында қандай жәдігер бар екенінен де хабарым бар.

Сол үшін де үнемі жылқы музейін ашу керек деп бастама көтеріп жүрмін. Егер бұл ұсынысым жүзеге асып кетсе, қазақ үшін де, жылқы сүйетін халық үшін де ең қажетті дүние болары сөзсіз.

— **Әңгімеңізге рақмет!**

Сұхбаттасқан  
Гүлзина БЕКТАС,  
Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

## ӨРКЕНИЕТІНІҢ ӨЗЕГІ

жапон тілдеріндегі жылқы түсіне қатысты атауларды салыстырмалы тұрғыда зерттеп, ғылыми баяндама дайындап жатырмыз. Бұған дейін бұл бағыт жүйелі түрде қарастырылмаған болатын.

— **Бүгінде ұлттық жылқы тұқымдарын сақтауда қандай әрекеттер істеп жатырмыз?**

— Кеңес үкіметі кезінде ет өнімдеріне байланысты біраз жылқы тұқымдарын шығарды. Мұғалжар жылқысы, Көшім жылқысы сияқты тағы басқалары — ет-сүт бағытында керек еді. Ал арғы қазақ жылқыларының тұқымдары Арғымақ, Қазанат, Қарабайыр, бұлардың көбі құрып кетті. Рудың атымен аталған жылқылар болды: Адай, Найман, Шекті, Жағалбайлы. Қазір ру атымен аталған екі-ақ жылқы қалды, ол — Адай мен Найман. Басқа әр рудың, әр ұлыстың жылқысының тұқымы болды. Олардың қазір аты да аталмайды.

Қазақ жылқысы әртүрлі тұқымдарға бөлінеді. Елдің кең жер көлемі мен табиғи ерекшеліктеріне байланысты жылқының да сан алуан түрлері қалыптасқан. Дегенмен сол әр аймаққа ортақ бір негізгі түр бар — ол жабы жылқысы. Қазақ даласындағы жабы жылқысы дүниежүзіндегі жылқылардың «ана түрі» деп танылуы мүмкін. Ботай қонысында жүргізілген қазба жұмыстары кезінде табылған жылқы сүйектері мен тұрпаты осы жабымен тығыз байланыста екені анықталған. «Жабы» атауы, менің ойымша, «жабайы» сөзінен шыққан болуы мүмкін. Бұл ұғым жылқының әуел баста қолға үйретілмеген, жабайы жануар болғанын меңзейді. Уақыт өте келе ауызекі тілде сөз жеңілдеп, лексикалық өзгеріске ұшырап, тек «жабы» деп аталып кеткен.

қымдардың көбісі бүгінге жетпеді. Жалпы, жылқының жаңа селекциясын алу үшін орта есеппен жиырма жылдай уақыт қажет екені белгілі.

## БІЗДЕ ЖЫЛҚЫ МУЗЕЙІ ЖОҚ

— **Қазақ дүниетанымында жылқыны неліктен «киелі түлік», «ер қанаты» деп ерекше қастерлеген?**

— Себебі жылқысыз күні жоқ. Жылқысыз бір адым аттай алмады. Барлық жұмысы ат үстінде еді. Сондықтан да киелі жануарға теңеді. Әрі жылқы — басқа жануарларға қарағанда есті жануар. Халық арасында оны «Тілі жоқ адам» деп бағалады. Аттың қырағылығы сондай, түнде келе жатқанда бидайдай нәрсені бір-екі шақырым арыдан көре алады екен.

— **Атқа мінгізу, тай жарыс, бөйге секілді дәстүрлер — үлкен тәрбие мектебі. Бұл салттардың көшпелі қоғамдағы әлеуметтік мәніне тоқталып өтсеңіз. Қазіргі жаһандану заманында осы айтылған дәстүрлердің ішкі мазмұнын сақтап отырған сияқтымыз. Негізгі маңызын ұмытып бара жатқан жоқпыз ба?**

— Ат бәйгелерінің болғаны дұрыс, ол жас ұрпақты тәрбиелейді. Төлеген Айбергенов: «Бала күннен тартып мінсең Ат жалын, онда сенің көкірегің От жалын», — дейді. Жылқы деген тәрбие құралы ғой. Тай жарыс, көкпар, қысқасы ат ойындарының барлығы адамды батырлыққа, ержүректілікке тәрбиелейді. Сондықтан ондай жарыстарды көбірек ұйымдастыра беру керек. Қазір «жаппай көкпар» деген шықты. Оны ұйымдастыратын жігіттер бүкілхалықтық көкпар



балаларға жылқы мәдениетін оқытатын сабақ болғаны дұрыс. Моңғолияда болдым, оларда «төрт түлік мал шаруашылығы» деген 5-6 сыныпта оқытатын пән бар. 2017 жылға дейін Қытайға жыл сайын барып тұрдым. Үрімжі университетінде қазақтың жылқы мәдениетіне арналған арнайы дәрістер де оқыдым. Бүгінде көршілес елдің жылқытану саласында бізден біршама ілгері кеткенін мойындау керек. Онда жылқышы мамандығы жеке кәсіби бағыт ретінде оқытылып, жылқыға қатысты ғылыми-зерттеу институттары мен мамандандырылған орталықтар жүйелі түрде жұмыс істейді. Сол сияқты бізде де сон-

**ниетіне деген қызығушылығын қалай бағалайсыз? Олардың санасында атқа міну — тек демалыс па, әлде терең тамырмен байланыс па?**

— Иә, қаланың шетінде атқа мінетін клубтар өте көп. Бұл да жастардың жылқыға деген махаббатын оятады.

— **Қазір жылқы шаруашылығында қандай проблема бар деп ойлайсыз?**

— Жылқы шаруашылығы қазір бәрі жекеменшіктің қолында. Проблема да көп. Ең бірінші, бұрынғы тұқымдарын қалпына келтіріп, жүздеген метрлерге дейін ат бәйгелерін жасау керек. Ең екіншісі, Қазақстанда асыл-

## МӘСЕЛЕ

10 ҚАҢТАР 2026 | СЕНЕІ

**Ж**аңа жылдың алғашқы күнінен күшіне енген Салық кодексі шағын және орта бизнеске қатысты жағдайды күрт өзгертті. Бұған дейін олар көптеген салықты төлемей, басы артық есептіліктің бәрінен босатылып келсе, биыл «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» бейғам заман олар үшін аяқталды. Көбі ЖТС, тіпті КТС пен ҚҚС төлеуге көшеді, тиісінше, салық ауыртпалығы еселеп артады. Сондай-ақ бұрын болмаған есеп-декларацияның жаңа түрлері енгізілді.

Айхан ШӘРІП

ЖЕҢІЛДІКТЕН  
ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ОЙЫСУ

Үкімет тарапынан либералды көзқарас, заңнамадағы жеңілдіктер және мемлекеттік қолдау тәуелсіздіктің өткен 34 жылында Қазақстанды ШОБ үшін нағыз жерұйыққа айналдырды. Кәсіпкерлікпен айналысасыз ба, бірақ дара кәсіпкер ретінде тіркеліп, декларация тапсыруға бас қатырғыңыз келмей ме, онда тіркелмей-ақ қойыңыз! Тек 1 АЕК-ті құрайтын бірыңғай жиынтық төлем (БЖТ) төлесеніз жетеді. Бұл медициналық сақтандырусыз және қартайғанда зейнетақысыз қалмауыңыз үшін керек. Алайда БЖТ режимі 2024 жылы жойылды және оны төлеп келген азаматтардан салықшылар дара кәсіпкер болып, тиісті салық режимін таңдауды талап етті.

Десек те, мемлекеттің ұзақ жылғы салықтық кеңпейілділігі мен демеуі игі нәтижесін берді. Ұлттық статистика бюросының дерегінше, 20 жыл бұрын, 2005 жылы республикада 394 672 дара кәсіпкер (ДК) ғана болыпты. Ал 2025 жылдың қорытындысында тіркелген ДК саны 1 899 141-ге, соның ішінде нақты жұмыс істеп тұрғаны — 1 820 909-ға жетті.

Жеке кәсіпкерлер жұмыспен қамтыған азаматтардың саны да еселеп артты. 2005 жылы ДК-ларда 571 620 адам еңбек етсе, 2025 жылы 2,5 миллионнан асқан. Мұның сыртында дара кәсіпкерлік субъектілерінің өндірген өнімінің көлемі де ғаламат өсті. Мысалы, 2005 жылы елдегі барлық ДК 222,9 миллиард теңгенің өнімін шығарып, нарыққа өткізсе, 2024 жылы (2025 жыл қорытындысы әзірге жарияланбады) бұл көрсеткіш 55 есе ұлғайып, 12 триллион 347 миллиард теңгенен асты!

Дара кәсіпкерлерінің саны жөнінен Қазақстан бүкіл Орталық Азия елдерін артқа тастады: Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан мен Түрікменстандағы бүкіл ДК санын қоса алғанда, қазақ еліне жетпеді. Бұл қарқынмен Қазақстан тіпті Ресейді басып оза алатын еді: 140 миллионнан аса халқы бар РФ-та 2025 жылы 4,5 миллионға жуық ДК болды. Бірақ жаңа Салық кодексінің талаптарына сәйкес республикадағы жеке кәсіпкерлердің біразына жабылуға тура келеді.

Жаңа Салық кодексіне Мемлекет басшысы 2025 жылғы 18 шілдеде қол қойды. Содан соң көптеген бизнес нысаны жаңа талаптардың жүктемесін көтере алмайтынын түсініп, жабыла бастапты. Ұлттық статистика бюросының мәліметіне жүгірсек, 2025 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 191 984 бизнес субъектісі қызметін уақытша тоқтатуға мәжбүр болған, тағы 4 664-і жойылу үстінде. Салықшылар, сарапшы-

аталған режимдердің жойылғанын ескеруі қажет. Тиісінше, олар бойынша салық есептілігі формалары (ФНО) енді қолжетімсіз болады. Осыған байланысты қызметін тоқтатқан кәсіпкерлік субъектілері келесі әрекеттерді қадам-қадаммен жасауы керек, — деді мемкірістер органының мамандары.

Бірінші қадам: салық есептілігін ұсынуыңыз қажет. Қолданған режиміңізге байланысты 2025 жылғы 4-тоқсан немесе 2025 жыл-

қажетті басқа да тиісті құжаттар сұралады. Салық салудың қолданылатын режимі туралы хабарламаны уақытылы бермесеніз, қызметті тоқтату туралы салықтық өтінішіңіздің де қабылданбайтынына назар аудартамыз! Бұл жағдайда жүйе мынадай хабарлама береді: «Қызметті тоқтату үшін 2-бөлімде «А. Ерікті түрде шешім қабылдау» себебі бойынша «А. Оңайлатылған декларация негізіндегі АСР-ға» немесе «С. Жалпыға бірдей белгіленген салық салу тәртібіне» ауысу белгісін соға отырып, қолданылатын салық салу режимі туралы хабарлама беруіңіз қажет. Осыдан кейін ғана сіз қызметті тоқтатуды жүзеге асыруға құқылысыз», — деп түсіндірді Мемлекеттік кірістер комитеті.

Қорыта айтқанда, былтыр жеңілдетілген режимді (упрощенка) немесе бөлшек сауда салығын

қазіргі қалған 3 түрінің бірі ұсынылады: өзін-өзі жұмыспен қамтушыларға арналған режим; оңайлатылған декларация негізінде АСР; шаруа немесе фермер қожалықтарына арналған АСР.

Бесіншіден, түрді таңдаған соң «Арнаулы салық режимін қолдану тәртібімен таныстым» дегенге белгі соғу керек. Алтыншыдан, «Жіберу» батырмасын басасыз. Жетіншіден, осыдан кейін қалқып шыққан сұрау-ескертпеде салық режимін ауыстырғаныңызды растау үшін «Жалғастыру» батырмасын басу қажет. Сегізіншіден, қолданылатын салық салу режимі немесе тәртібі туралы хабарлама табысты өңделсе, кате-ақау туындамаса, онда «табысты өңделді» деген жауап келуге тиіс.

Сарапшылар жұмысын жалғастыратын жеке кәсіпкерлерге бухгалтер, тіпті зангер жалдауға тура келетінін ескертті. Себебі жалпыға бірдей салық салу тәртібінде 200.00 және 220.00 нысандағы стандартты есептілік бар. Бұдан өзге, биылдан бастап жаңа есеп түрлері қосылып жатыр. Бухгалтер Асылым Қарауылованың мәліметінше, биыл алғаш рет дара кәсіпкерлер «1-Қызметтер—1-Услуги» статистикалық нысанын тапсыруға міндеттелді. 2025 жылғы статистикалық есептілікті қалыптастыру аясында бірінші рет «1-Қызметтер» статистикалық нысаны бойынша респонденттердің қатарына жеке кәсіпкерлер енгізіліп отыр. Мұны Ұлттық статистика бюросы растады.

Сондықтан негізгі қызметі Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне сәйкес 85, 86, 87 және 88 кодтарына сәйкес келетін, яғни «Білім беру» және «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер» салаларына жататын дара кәсіпкерлер осы нысан бойынша деректерді белгіленген мерзімге дейін тапсыруға тиіс. Тапсырмаса, үлкен айыппұлдар салынады. ДК бүкіл күнтізбелік жыл үшін жылдық деректерді тек 4-тоқсанда тапсырады. Бұған дейін ол 2025 жылдың 20 желтоқсанынан 2026 жылдың 15 қаңтарына дейін тапсырылған.

Сонымен бірге бұдан былай ЖШС және басқа заңды тұлғалар қатарында дара кәсіпкерлер де «Салықтық есеп саясаты» (СЕС, орысшасы НУП) міндетті құжат қалыптастыруға тиіс болады. Салықшылар тексерумен келсе немесе сұратса, бірден ұсынуға міндетті. СЕС-тің болмауы немесе қате рәсімдеу айыппұлдарға, қосымша есептер тапсыруға және өзге салықтық тәуекелдерге соқтырады.

Есептіліктің, қағазбастылықтың ұлғаюы, айыппұлдардың өсірілуі, жеке кәсіпкерлердің жеңілдіктерден жаппай айырылуы, салықтық әкімшілендірудің күрделендірілуі, мемкірістер органының түсіндіру жұмыстарын жан-жақты жүргізе алмауы, соның ішінде «Тегін бухгалтер» науқанын кең ауқымда жолға қоймауы бизнесті делдалдарға жем етуі мүмкін. Бұдан кім ұтты? Түрлі формадағы есептілікті кәсіпкердің орнына тапсырып беретін, бухгалтерлік сүйемелдеумен айналысатын белгілі жекеменшік порталдар қызмет ақысын күрт көтеріпті. Олардың СЕС қалыптастыру, есептілік тапсыру тарифтері айына 150 мың теңгеден жоғарылады. Ал осының бәрін өз бетінше тапсырамын деушілерді оқыту, ақылы вебинарға қатыстыру, түсіндірме материалдарға қол жеткізу құны енді 500 мың теңгеден басталады.

ДАРА  
КӘСІПКЕРЛЕР  
ДАҒДАРМАСЫН

лар бұл үдерістің биыл күрт күшейетінін жасырмады.

Осы орайда Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті жаңа Салық кодексіне сәйкес арнаулы салық режимдерінің жойылуына және В2В келісімшарттарда салықтық шегерімді қолдануға тыйым салынуына байланысты биыл бизнесті қалай жауып тастауға болатынын түсіндірді.

Ведомство 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілген Салық кодексінде енді тек 3 жеңілдікті «арнаулы салық режимі» (АСР) көзделгенін еске салды. Бұлар — өзін-өзі жұмыспен қамтушыларға арналған режим; оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимі; шаруа немесе фермер қожалықтарына арналған арнаулы салық режимі. Сондай-ақ В2В келісімшарттарда, яғни жеке кәсіпкерлердің өз өнімін компанияларға өткізуі кезінде салықтық шегерімді қолдануға тыйым салынды. Олар тек В2С форматында істей алады, яғни өз өнімін тек жеке тұлғаларға, халыққа сататын дара кәсіпкерлер оңайлатылған декларация негізіндегі АСР-да қала алады.

Қалғаны тегіс «жалпыға бірдей белгіленген салық салу тәртібіне» көшуге тиіс (Салық кодексінің орысша нұсқасында — «общеустановленный порядок налогообложения» немесе ОУПН, оны ауызекі тілде қысқаша «ОУР» деп қате атап жүр). Яғни, «режим» ұғымы тек салықтық жеңілдікті пайдаланатын жоғарыдағы 3 АСР үшін қалдырылды, басқасының бәрі «тәртіпке» көшіріледі.

## САЛЫҚТЫҢ САЛМАҒЫ БАР

Бұдан бөлек, салықшылар бөлшек сауда салығы негізіндегі, сондай-ақ тіркелген шегерімді (фиксированный вычет) пайдаланатын жеңілдетілген декларация негізіндегі арнаулы салық режимдері 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап жойылғанын мәлімдеді.

— 2026 жылғы 1 қаңтар мен 28 ақпан аралығында кәсіпкерлік субъектісін таратуға, жабуға шешім қабылдаса, онда 2025 жылы бөлшек салықты немесе тіркелген шегерімді пайдаланатын жеңілдетілген декларация негізіндегі арнаулы салық режимдерін (АСР) қолданып келген салық төлеушілер биылғы жылғы 1 қаңтардан бастап



**Бизнесті жаппай, одан әрі қалуға шешім қабылдаған дара кәсіпкерлер e-Salyq business мобильді қосымшасын жүктеп алып, сонда жойылған салық режимін жаңа Салық кодексіне сай оңайлатылған режимге немесе жалпы тәртіпке көшіруі қажет. Мемлекеттік кірістер комитеті мамандарының түсіндіруінше, біріншіден, e-Salyq business қосымшасында авторизациялану талап етіледі.**

ғы 1 жартыжылдық үшін «Кезекті-Очередная» аталатын түрін таңдап, декларация тапсырыңыз.

Екінші қадам: қолданылатын салық салу режимі туралы хабарлама жіберу керек. Онда 2-бөлімде келесінің бірін белгілеу талап етіледі: «А. Оңайлатылған декларация негізіндегі АСР-ға» немесе «С. Жалпыға бірдей белгіленген салық салу тәртібіне» ауысу туралы. Бұған қоса, себебін көрсетесіз: «А. Ерікті түрде шешім қабылдау». Хабарламаны қаңтар-ақпанның қай күні жіберсеңіз де, таңдалған режим не тәртіпті қолданудың басталу күні 2026 жылғы 1 қаңтар болып есептеледі.

Үшінші қадам: қызметті тоқтату рәсімін жүзеге асыру қажет. Атап айтқанда, біріншіден, «қызметті тоқтату туралы салықтық өтініш» беру қажет. Екіншіден, оңайлатылған декларация негізіндегі АСР үшін — 2026 жылғы 1-жартыжылдықтағы тарату салық есептілігі (форма 910.00), ал жалпыға бірдей белгіленген салық салу тәртібі үшін — 2026 жылдың 1 тоқсанына (2026 жылғы) арналған тарату салық есептілігі ұсынылады.

«Үшіншіден, қажет болған жағдайда қызметті тоқтату үшін

қолданған кәсіпкерлер бизнесін жапқысы келсе, кәсібін жоюдың жаңа ережелерін мұлткісіз сақтауға тиіс. Әйтпесе, кәсіпкерлік нысаны «жойылды» деп танылмайды, тиісінше ары қарай алым-салықтар есептеледі, қосымша айыппұлдар жазылады, операциялары, банк шоттары және карталары бұғатталады, ісі жеке сот орындаушыларына беріліп, олардың да қызмет ақысын (өндірілетін соманың 25%-ы көлемінде) төлеуге тура келеді.

Бизнесті жаппай, одан әрі қалуға шешім қабылдаған дара кәсіпкерлер e-Salyq business мобильді қосымшасын жүктеп алып, сонда жойылған салық режимін жаңа Салық кодексіне сай оңайлатылған режимге немесе жалпы тәртіпке көшіруі қажет. Мемлекеттік кірістер комитеті мамандарының түсіндіруінше, біріншіден, e-Salyq business қосымшасында авторизациялану талап етіледі.

Екіншіден, басты беттегі «Сервистер» мәзіріне кіру керек. Үшіншіден, «ДК салық режимін ауыстыру-Смена налогового режима ИП» бөлімін таңдаңыз. Төртіншіден, бастапқы арнаулы салық режимін толтыру сұралады. Таңдауға жеке кәсіпкерлер үшін

## КӨКЕЙКЕСТІ

10 ҚАҢТАР 2026 | СЕНБІ

## А Көктем ҚАРҚЫН

1,5 МЫҢ ӘЙЕЛ КІНӘСІН  
МОЙЫНДАҒАН

Көпшілік мұның себебін соңғы жылдары кең тараған «китұрқы схемалармен» байланыстырады. Яғни, кейбір азаматтар жүкті бола салысымен немесе босанар алдында ғана жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп, бірнеше кәсіпкерліктен жоғары табыс көрсетіп, ірі көлемде декреттік төлем алуға тырысқан. Мұндай әрекеттер бір-екі адамның емес, жүйелі сипат алғаны да жасырын емес. Нәтижесінде, мемлекет тарапынан бақылау күшейді. Құзырлы органдар төлем тағайындауда тексерісті қатандатып, күмәнді деп танылған істерді ұзақ қарауға көшті. Атап айтсақ, былтыр Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жақыпова Қазақстанда декреттік төлем ашу үшін табысын асырып көрсеткен 113 әйелге қатысты 16 қылмыстық іс қозғалғанын айтқан еді. Қылмыстық іс Ақтөбе, Алматы, Абай, Қызылорда, Жамбыл және Түркістан облыстарында, сондай-ақ Алматы, Шымкент қалаларында қозғалған. Ал әйелдерге қатысты арызды Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының жергілікті филиалдары хабарлаған.

— Төлеуші Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды есепті айдан кейінгі айдың 25-інен кешіктірмей, әлеуметтік аударымдар төленетін айды көрсете отырып, ай сайын есептейді және төлейді. Осылайша, әлеуметтік аударымдар уақытылы түспеген жағдайлар анықталған өтініш берушілер, атап айтқанда, әлеуметтік аударымдарды әлеуметтік тәуекел туындағанға дейін немесе туындағаннан кейін бір күнде өткен кезеңге төлеген өтініш берушілер тексеріске жатады. Қор әлеуметтік аударымдарды төленген кірісті азайту/арттыру фактісін болдырмау мақсатында қолданыстағы заңнама аясында тексеру жүргізе алады. Бұл ретте, Қор мемлекеттік органдарға, ұйымдарға, төлеушіге және өтініш берушіге сұрау салу арқылы әлеуметтік төлемдерді тағайындауға қажетті құжаттардың (мәліметтердің) анықтығына тексеру жүргізуге құқылы. Осылайша, жеке тексеру іс-шаралары негізінде нақты еңбек қатынастары болмаса да әлеуметтік аударымдарды аударған жағдайлар анықталған. Мұндай фактілерді тексеру үшін Қор филиалдары тиісті құжаттарды құқық қорғау органдарына жолдап отырады, — деп хабарлаған Баскарма төрағасының бірінші орынбасары Біржан Жүнісов.

Ең қызығы, Қор қанша тексеру жүргізсе де, табысын асыра көрсеткен біраз әйел тиісті төлемін алып үлгерген. Қор ондай әйелдер мемлекетке 158 млрд теңге сомасында залал келтірді деп болжап отыр. Ал Қор табысты заңсыз артық көрсетіп, артық әлеуметтік төлем алудың арты жазаға әкеп соқтыратынын түсіндіргеннен кейін елімізде 1,5 мың әйел кінәсін мойындап, Қорға 3,4 млрд теңге қайтарып берген.



Елдар ҚАБА (каллаж)

# ЗАҢСЫЗДЫҚ ЗАРДАБЫ

Соңғы айларда әлеуметтік желілерде жеке кәсіпкерлердің жанайқайы жиі естіле бастады. Әсіресе, декреттік төлемге қатысты мәселелер қоғамда үлкен резонанс туғызды. Кәсіпкер ретінде жылдар бойы адал еңбек етіп, салық төлеп келген аналардың баласы алты айдан асса да, заңды төлемін ала алмай сенделіп жүргені — ойландырмай қоймайды. Мәселенің түп-төркіні қайда?

## ДЕКРЕТКЕ ДЕПРЕССИЯМЕН ШЫҚҚАН

Бірақ осы «тазалау» науқаны кезінде ең көп зардап шеккендер — заң аясында, адал жұмыс істеп келген кәсіпкер аналар. Көпбалалы ана, бірнеше жылдан бері шағын бизнесін дөңгелетіп отырған жеке кәсіпкер Айгүл Шағыраеваның айтуынша, барлық жарнаны уақытылы төлеп келгеніне карамастан, декреттік төлемі бірнеше айдан бері кешігіп жатыр.

— Ауылда наубайханам бар. Жакында бесінші баламды босандым, бірақ декреттік төлемім әлі түскен жоқ. Құжаттарымды қанша реттесем де, жауапты мекеме қабылдамай келеді, — дейді ол.

Бұл жерде мәселе тек бір ананың тағдыры емес. Әлеуметтік желілерде жүздеген әйел осындай жағдайға тап болғанын жазып жатыр. Бірі құжаты «қосымша тексерісте» тұрса, енді бірі мүлде бас

тарту алған. Себеп біреу: бұрынғы заңбұзушылықтардың салдары. Қоғамда «алаяқтар үшін неге барлығы жауап беруі керек?» деген орынды сұрақ туындайды. Расында, жүйені айналып өтпек болғандардың кесірінен қазір бүкіл кәсіпкер аналарға күдікпен қарау қалыпты жағдайға айналғандай. Бұл — әлеуметтік әділеттілік қағидасына қайшы емес пе?

Қаржыгерлердің пікірінше, мәселені біржақты тыйым мен қатаң тексеріс арқылы шешу ұзақ мерзімде нәтиже бермейді. Керісінше, адал кәсіпкерлердің мемлекетке деген сенімін төмендетуі мүмкін. Ал сенім жоғалған жерде көлеңкелі экономикаға кету қаупі де артады.

— Бірдің кесірі мыңға тиіп жатыр. Жалған кәсіпкерлікпен айналысып, декретке шыққан әйелдер әрекетінің зардабын адал еңбек еткен аналар көруде. Себебі жалған кәсіпкерлер бір қолдан арнайы бақылау қассасына 660 мың теңгені көрсетіп, максималды кіріс тапқан. Ал әр қассада 10-20 мың теңге ақша жинап, адал еңбек еткен аналарға кіріс жетпей жатыр. Мысалы, шекті кіріске 5-10 мың теңге жетпегенін желеу етіп көп аналарға декреттік төлем бермей отыр. Менің ойымша, бұл дұрыс емес. Егер жалған кәсіпкерлерді анықтау керек болса, заңсыздықты табу Үкіметке қиын емес. Жалған чек жасаған адам мен шын кәсіпкердің айырмашылығын бірден білуге болады. Айы, күні жақындаған әйелдер қайта-қайта құжат тасу үшін ауылдан аудан, облыс орталығына барып қиналып жүр. Бұл аналар үшін үлкен стресс. Тіпті босанып, бала күтімінде отырған аналар декреттік төлем ала алмай, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру

қорының табалдырығын тоздырып жүр. Үкімет төлемді тегін беріп отырған жоқ. Аналар кәсібін заңды түрде істеп, ай сайын салық төлеген. Қазір декреттен көл-көсір пайда ешкім көрмейді. Әрі кетсе, салған ақшасының 20 пайызы ғана артық түседі, — дейді қаржыгер Әсемгүл Қалилаева.

Оның айтуынша, кезінде 10-40 кәсіпкерлікке тіркеліп, декрет алған әйелдер барлық былықты жасап кетті. Біріншіден, бұл Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының кінәсі. Олар толыққанды тексеріс жүргізбеген. «Қазір кәсіпкер әйелдердің әр құжатына

демақы мөлшері нақты бекітілген. Атап айтқанда, бірінші, екінші және үшінші балаға 38 айлық есептік көрсеткіш немесе 149 416 теңге төленеді. Ал төртінші және одан кейінгі балаларға 63 АЕК, яғни 247 716 теңге қарастырылған. Алайда бұл соманың да ананың қолына толықтай тимейтіні бар. Себебі төлемнен міндетті зейнетақы жарналары ұсталып, нәтижесінде алынатын ақырғы сома шамамен 10 пайызға азаяды.

Мұнымен қоса, ресми түрде жұмыс істейтін азаматтарға жүктілікке және босануға, сондай-ақ жаңа туған баланы асырап алуға байланысты кірісінен айырылған жағдайда Міндетті әлеуметтік сақтандыру қорынан бірреттік төлем төленеді. Дәл осы төлем соңғы уақытта ең көп сұрақ туындатып отыр. Былтыр МӘСҚ-тан біржолғы төлемді 175,1 мың адам алған. Оларға төленген жалпы сома 245,3 миллиард теңгені құрайды. Қарапайым есепке салсақ, бір адамға шаққандағы орташа төлем көлемі небәрі 1,4 миллион теңгеден айналады. Ал қазан айының өзінде ғана 17,8 мың адамға 17,4 миллиард теңге төленген.



**Қоғамда «алаяқтар үшін неге барлығы жауап беруі керек?» деген орынды сұрақ туындайды. Расында, жүйені айналып өтпек болғандардың кесірінен қазір бүкіл кәсіпкер аналарға күдікпен қарау қалыпты жағдайға айналғандай. Бұл — әлеуметтік әділеттілік қағидасына қайшы емес пе?**

тиісіп отыр. Тіпті заңсыздыққа баратын қызметкерлер де бар. Есеп жасау барысында да жаңа базаны түсінбей отырған қызметкерлер кездеседі. Бұл кәсіпкерлердің емес, Қордың кінәсі», — деп сөзін қорытындылады қаржыгер.

Ендеше, декреттік төлем — бұл жеңілдік емес, ананың және баланың әлеуметтік қорғалуы. Оны алу үшін кәсіпкер әйелдің бірнеше жыл бойы жарна төлеп, бизнесін жүргізіп келгені ескерілуге тиіс. Ал бір рет тіркеліп, жалған табыс көрсеткендерге жеке, нүктелі бақылау тетіктері қолданылуы қажет.

Еске сала кетейік, бүгінде Қазақстанда бала тууына байланысты берілетін мемлекеттік жәр-

Салыстырып қарасақ, бұған дейінгі жылдары жұмыс істейтін кейбір аналардың бала туған кезде МӘСҚ-тан алатын біржолғы төлемі 5 миллион теңгеден асып жығылатын. Тіпті жекелеген жағдайларда бұл сома 8 миллион теңгеден де жоғары болған. Қазіргі көрсеткішпен салыстырғанда айырмашылық жер мен көктей. Иә, бұл талаптардың алаяқтарды анықтау үшін орындалып жатқаны белгілі. Дегенмен, бүгінгі ахуал бір нәрсені айқын көрсетіп отыр: жүйедегі олқылықты жою кезінде әділдік ұмыт қалмауы керек. Әйтпесе, «китұрқылық» жасаған азшылықтың кесірінен адал еңбегімен күн көріп жүрген көпшілік жапа шеге бермек.

## ТҮЙТКІЛ

10 ҚАҢТАР 2026 | СЕНБІ

Енді бірер күннен кейін университетке түсуге деген қызығушылығы, білімге деген талпынысы, ғылымға деген құштарлығы, жаңа технологияларды меңгеруге деген қабілеті бар жастардың көңілін толқытатын, арасынан жүзден жүйрік, мыннан тұлпар шыққандарын іріктейтін науқан басталады. 2026 жылғы қысқы ҰБТ 10 қаңтар мен 10 ақпан аралығында өтпек.

Ғылым және жоғары білім министрлігі жаңа жылдың басында ұйымдастыратын бұл тестілеуде бағын сынағысы келетіндерден өтініш қабылдаудың аяқталғанын жариялады. ҰБТ-ға тіркелу Ұлттық тестілеу орталығының arr.testcenter.kz сайтында немесе UTO қосымшасы арқылы жүргізілді. Жалпы саны 187 мыңға жуық адам ҰБТ сынағын тапсыруға бел буыпты. Бұл 2024 жылға карағанда 20 мыңға көп!

Бұл жолғы бір жаңашылдық: талапкерлер өтініш беру барысында тестілеуге қатысатын күнін, уақытын және өту пунктін өзі тандаған. Тағы бір жеңілдік: ҰБТ барысында калькуляторды, химиялық элементтердің периодтық жүйесін, тұздардың ерігіштік кестесін пайдалануға рұқсат етілді. Сондай-ақ тапсырушылар тестілеу аяқталған соң 30 минут ішінде, яғни егжей-тегжейі ұмытылып қалмай тұрғанда өз жауаптарының дұрыстығын дәлелдеп, апелляцияға өтініш бере алады. Мұндай өтініш бергендердің сертификаты апелляциялық комиссияның шешімінен кейін талапкердің жеке кабинетінде шығады.

Жоғарғы білім ведомствосы қадап айтты: 2026 жылы Ұлттық бірыңғай тестілеудің форматы өзгеріссіз қалады! Талапкерлер 3 міндетті пәнді және таңдауы бойынша 2 бейіндік пәнді тапсырады. ҰБТ тапсырмаларының жалпы саны — 120. Оның ішінде «Қазақстан тарихы» пәні бойынша — 20 тапсырма, «Оқу сауаттылығы» мен «Математикалық сауаттылық» пәндерінің әрқайсысынан 10 тапсырмадан, сондай-ақ 2 бейіндік пәннің әрқайсысынан 40 тапсырмадан беріледі. ҰБТ бойынша ең жоғары балл да өзгермеді және 140 балды құрайды.

Тестілеу уақыты — 4 сағатқа (240 минутқа) созылады. Бұл ретте ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін қосымша 40 минут қосып береді. Министрліктің мәліметі бойынша 2026 жылғы қаңтар-ақпандағы ҰБТ-ға бұған дейін шартты түрде ақылы негізде күндізгі оқу нысаны бойынша жоғары оқу орындарына қабылданғандар, жазғы негізгі ҰБТ нәтижесінде шекті балл жинамағандар, шығармашылық білім беру бағдарламалары топтарынан (ББТ) ақылы негізде басқа дайындық бағыттарына, педагогикалық бағытқа ақылы негізде ауысқысы келетіндер, былтырғы мектеп, колледж түлектері, Қазақстан азаматы емес қандастар, соның ішінде жатжұртта тұратындар, шетелде білім алған ҚР азаматтары, сондай-ақ енді мектеп бітіретін түлектер жоғары оқу орындарына ақылы негізде түсу үшін қатысады.

ҰБТ-ға дайындық сапасын арттыру мақсатында байқау сынақтары іске қосылды. Оқу жылының басында Ұлттық тестілеу орталығының ресми сайтында талапкерлерге арналған көмекші материалдар жарияланды. Атап айтқанда, ұсынылатын әдебиеттер тізімі, «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәндері бойынша 100 негізгі тарихи дата-

# ҰБТ-дағы ӨЗГЕРІС: РЕФОРМА НЕНІ РЕТТЕЙДІ?

Осы апта соңында білім мен ғылым айдынына құлаш ұрған жас буынды өміріндегі алғашқы салмақты сынақ күтіп тұр: елде ҰБТ басталады. Сонымен бірге Ұлттық бірыңғай тестілеудің өзі де үлкен өзгерістерге ұшырауы мүмкін. Ғылым және жоғары білім министрлігі бұл салада терең реформаларды әзірлеп жатыр. Бұл бетбұрыс ертең ел тізгінін өз қолына алар жас ұрпаққа қандай жаңалықтар әкелмек? Жаңа реформа неге бағытталған?

ның тізімі, «Информатика» пәні бойынша терминдер тізімі, сондай-ақ «Қазақ әдебиеті» мен «Орыс әдебиеті» пәндері бойынша міндетті әдеби шығармалардың тізбесі орналастырылған.

## МИНИСТРЛІКТІҢ КӨКСЕГЕНІ НЕ?

Әйткенмен, алдағы жылдары ҰБТ қазіргі күйде қалатынына министрлік кепілдік бермейді. Оқу жылы басталғалы, былтырғы қыркүйектен бері Ғылым және жоғары білім министрлігі Саясат Нұрбек журналистермен әңгімесінде де, жұрт алдындағы сөз сөйлеулерінде де Ұлттық бірыңғай тестілеудің қатты өзгеріске түсетінін қайталаудан жалықпады. Ел министрінің ұстанымындағы өзгерісті динамикада бақылады. Біріншіден, 2025 жылғы 26 қыркүйекте С.Нұрбек ҰБТ қазіргі күйде қалмайтынын, ол болашақта АҚШ жоғары оқу орындарына түсуге арналған SAT сынағына ұқсас жаңа форматқа ауысатынын жария етті.

— Бірден басу айтқым келеді: ҰБТ-ны тез ауыстырып тастамаймыз. 2026 жылы ол бұрынғы форматында қалады. Себебі бұл тым сезімтал, әлеуметтік кернеу туғызуы мүмкін мәселе. Сонда не болады? Қазір үлкен бесжылдық жоспар әзірлеп жатырмыз. Яғни, бұл ұзақмерзімді әрі кезен-кезенмен жүзеге асатын жоспар болады. Бірінші кезеңде біздің тестологтар тобы жаһандық атағы бар ETS компаниясында оқудан өтеді. Алғашқы қызметкеріміз бүгінде Америкада, Принстондағы кампуса тұрып жатыр. Бұл — әлемдегі мықты тест құрастырушы компаниялардың бірі. SAT, TOEF, LGR және басқа негізгі сынақ жүйелерін сол дайындаған, — деді министр.

Оның айтуынша, екінші кезеңде шетелде оқып, білімін жетілдіріп қайтқан қазақстандық тестологтар жыл бойы ETS компаниясының көмегімен қазақстандық жастарға арналған тесттерді және әдістемелерді әзірлейді. Бірақ ұзақ жыл бойы жетілдіріліп, кемеліне келтірілді делінген ҰБТ-



дан шенеуніктер неге бас тартпақ? 2025 жылдың қорытындысы бойынша АҚШ, Ресей, Ұлыбритания, Қытай, Оңтүстік Корея, Франция, Германия, Италия, Польша, Түркия және Өзбекстанның университеттері Қазақстанда 33 филиалын ашыпты. Олар ҰБТ-ны мойындамайды екен.

— Көптеген шетелдік, халықаралық ЖОО-лар республикамызда бөлімшелерін ашты. Алайда олар ҰБТ нәтижелерін халықаралық, авторизацияланған, сертификатталған тест ретінде қабылдамайды. Біздің талапкерлеріміз, жастарымыз ҰБТ тапсыруға дайындалады, жақсы тапсырып, сертификат алады. Бірақ содан соң шетелге оқуға түскісі келсе, түсе алмайды: біздің тестілеуді өзге елдер мойындамайды! Біз ҰБТ-ны түпкілікті өзгертіп, оны халықаралық placement тест-ке, яғни шетелдік жетекші университеттерге түсуге арналған тестке айналдыруға ниеттіміз. Тиісті модель жасалады, — деді Саясат Нұрбек.

Жоғары білім министрінің пайымдауынша, бұл реформа бірден 2 проблеманы шешіп береді. Бірінші мәселе — сапа. ҰБТ сапасына қатысты әлі күнге көп сын естиміз. ETS компаниясы мұны әдіснамалық тұрғыдан түзетеді. Модель шетелдік болғанымен, оның бірыңғай, авторизацияланған әдіснамасын ETS сертификаттаған жергілікті тестологтар әзірлейді. Түйінін тарқатқалы тұрған тағы бір түйткіл — ҰБТ бір елмен тұйықталмай, халықаралық тестілеуге айналады. Бәрі дұрыс жасалса, түлектер жаңа ҰБТ сертификатымен дүниежүзіндегі кез келген университетке түсе алады екен.

Министр бергінде, карашадағы мәлімдемелерінде жаңа реформасының жаңа жай-жапсарын жариялады. Мысалы, оның пікірінше, ҰБТ тапсыру үшін түлектер дайын жауаптардың бірін дұрыс анықтап, дұрыс бояуға үйренеді. Осы мақсатта мектеп бітірушілер тарихи даталарды, тестілеудің

дайын жауаптарын жаттаумен айналысады. Жаңа модельде болашақ студенттердің білімі ғана емес, сондай-ақ психологиялық ерекшеліктері, оқуға түсуге дайындығы, сындарлы ойлау қабілеті, жаңа білімге, дағды-машыққа бейімделу әлеуеті бағамдалады. Өйткені Саясат Нұрбек еңбек нарығы өзгеріп жатқанын, ЖОО бітірушілер де жаңа жағдайларға лайық болуға тиістігін тілге тиек етті.

## ҚОҒАМ СЫНЫНА ҚҰЛАҚ АСА МА?

Ғылым және жоғары білім министрлігінің бұл бастамасы қоғамда өткір сын туғызды. Пікір білдірушілер жаңа модель кенес заманында болған жүйеге қайта оралуға ұқсайтынына назар аударды. Себебі министр Нұрбек тізбелеген қабілеттерді анықтау үшін тестілеу сыртында емтиханды енгізу керек болады. Демек, оқуға түсу ісіне қайтадан адами фактор араласады. КСРО кезінде болғандай, университеттердегі емтихан қабылдаушы комиссиялардың ала қол, ниеті қарау мүшелері аузын майлаған, пара берген студенттерді немесе «блаты» бар шенді-шекпендінің баласын бірінші өткізіп, басқасын құлатуы ықтимал.

Мұның сыртында жаңа модельді әлем тануы үшін бірінші орынға ағылшын тілінен сынақ қойылуға тиіс. Онсыз ҰБТ нәтижелерін әрі қарай да бірде-бір шетелдік ЖОО қабылдамайды. Алайда бұл жағдайда ауыл түлектері, сондай-ақ ағылшын тіліне шорқақ қала жастары үшін шетелдік түгіл отандық университеттерге түсуге жол жабылады. Өйткені басқа пәндерден жоғары балл алғанымен, ағылшыншадан сүрінеді.

Бұған қоса, Саясат Нұрбектің жатжұрттардағы оқу орнына түскісі келетіндер үшін сонша уайымдағаны бекер болып шықты. UNESCO ақпаратына сілтеме жасаған «Ел жастары» ұйымының дерегі бойынша қазір

Қазақстанның 100 мыңнан да аз жас азаматы шетелде оқып жатыр. 2025 жылы 14-34 жастағы қазақстандықтардың саны 5,9 миллионнан асыпты. Яғни, қазақстандық жастардың бар-жоғы 1,6%-дайы шетелде оқиды.

Қоғамның сыны батса керек, жыл соңында Ғылым және жоғары білім министрі ҰБТ-ға қатысты ұстанымын жұмсартты. Жаңа тоқтамы бойынша Қазақстанда Бірыңғай ұлттық тестілеудің жаңа форматы бәрібір пайда болады. Бірақ талапкерлерге таңдау беріледі: дәстүрлі ҰБТ-ны тапсырып, отандық ЖОО-ларға ғана түсе ме, әлде шетелде мойындалатын жаңа тестілеуден өте ме, өзі біледі.

Саясат Нұрбектің хабарлауынша, бұл жоба әлі әзірлеу сатысында тұр. нақты мерзімдері бекітілген жоқ. Алдын ала жоспары бойынша жаңа тесттерді дайындауға ең кемі бір жыл кетуі және ол 2027 жылдан кейін енгізіле бастауы мүмкін. Министр болашақта ескі ҰБТ-ға деген қажеттілік қалмайды, жастардың көбі жаңа модельді таңдайды деп үміттенеді.

Ведомство бізге жауабында 2025 жылғы 21 қыркүйекте, АҚШ-тың Нью-Йорк қаласында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Educational Testing Service (ETS) компаниясының президенті және бас атқарушы директоры Амит Севакты қабылдағанын еске салды. Кездесу барысында Мемлекет басшысы ETS компаниясының білімді тестілеу мен бағалау саласында көш бастап келе жатқанына ерекше назар аударды. Президенттің мәлімдеуінше, Қазақстан америкалық бұл компанияның білім беру жүйесіндегі тәжірибесін зерделеуге және пайдалануға қызығушылық танытып отыр.

«21 қазан мен 1 қараша аралығында Астанаға ETS-тің бірнеше жұмыс тобы келіп кетті. Оның барысында біздің министрлік пен Ұлттық тестілеу орталығы (ҰТО) базасындағы ары қарайғы экспорттік жұмыстар мен стратегиялық кездесулерді қамтитын іс-шаралардың кешенді бағдарламасы жүзеге асырылды», — деп түсіндірді Ғылым және жоғары білім министрлігі.

Сондай-ақ ҰБТ-ны жаңғырту бойынша кері байланысты орнату үшін басқа мүдделі тараптармен, соның ішінде шетелдік университеттердің филиалдарымен келіссөздер жүргізіліпті.

«ETS ұсынған формат тек Қазақстандағы шетелдік университеттердің филиалдарында өткізілетін емтихандар үшін пайдаланылады деп жоспарланды. Талқыланып жатқан жоба аясында талапкерлердің сыни ойлау, академиялық хат жазу, зерттеу дағдылары, коммуникация, сондай-ақ жасанды интеллект, цифрлық сауаттылық және креативті ойлау сияқты дағдыларын бағалау қарастырылады. Сонымен қатар Ұлттық тестілеу орталығының қалған персоналын әрі қарай оқыту үшін «Болашақ» халықаралық стипендиясы аясында шамамен 30 қызметкерді — әзірлеушілер мен эксперттерді оқыту көзделген», — делінген министрліктің түсініктемесінде.

Ведомство 2026 жылы ҰБТ форматы өзгермейтінін — ол отандық ЖОО-ларға түсуі үшін толық сақталатынын тағы да нықтады. Жоғары білім министрлігі америкалық ETS жасаған жаңа формат қарастырылған қауымдастығымен одан әрі талқыға салыныатынына уәде етті.

Елдос СЕНБАЙ

## ЖӘДІГЕР

10 ҚАҢТАР 2026 | СЕНБІ

# ЖАРТАСТАҒЫ МҰРАЛАР ЖЕТІМСІРЕП ТҰР

Қызылорда облысының оңтүстік аумағындағы Қаратау тасында қашалып жазылған петроглифтердің тарихы тереңнен тамыр тартады. Шатқалда қола дәуірінің, одан кейінгі ортағасырлық кезеңнің суреттері мен эпиграфикасы кескінделіп, сақталып тұр.

**А** Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,  
Қызылорда облысы

Көненің көзіндей болған бұл құнды жәдігерлер облысқа қарасты Шиелі ауданының аумағында орналасқан. Нақтысы, Шиелі ауданының Еңбекші ауылынан 50 шақырым жерде жатыр. Жалпы аумағы 500 гектарды құрайтын бұл ескерткіш Қаратау етегіндегі Сауыскандық шатқалы деп аталады. Ғалымдардың пікіріне сәйкес, бұл тарихи орын осы аймақта осыдан 500 мың жыл бұрын адамдар қоныстанған құтты мекен болғанын көрсетеді.

Жалпы мәліметке сәйкес, петроглиф — тасқа қашалып жазылған жазулар. Әлемде ғалымдар оның пайда болу уақытын палеолит дәуірінің соңғы кезеңімен байланыстырады.

«Жалпы, Сауыскандық шатқалындағы петроглифтердің тарихы тереңнен тамыр

гер ғасырды ғасырға жалғап, біздің заманға дейін жеткен бабаларымыздан қалған құнды мұра деп айтар едім», — дейді жергілікті өлкетанушы Әлімжан Ержанов.

Кейінгі кезде ғалымдар осы Сауыскандық шатқалындағы петроглифтердің жойылып кету қаупі туындап тұрғанын айтып, дабыл қағып жүр. Ең өкініштісі, көп жағдайда жәдігерлерді тарихи орынға барған тұрғындар бүлдіре бастағанын айтып, вандализм салдарынан көнеден жеткен құнды мұра құрдымға кетіп жатқанына аңаңдаушылық білдіруде. Соған сәйкес оны қорғау бағытында тиісті іс-шараларды қолға алу қажеттігін айтып жүр.

Жанашыр топтың жанайқайы ескерусіз қалмай, бұған дейін бұл мәселені бір топ халық қалаулылары да назарға алады. Нәтижесінде, Қызылорда облысы әкімдігінің арнайы қаулысымен шатқалдағы петроглифтердің қорғау аума-



алынбай тұр. Жалпы, Сауыскандық петроглифтерінен бөлек, Жаңақорған ауданы төңірегінде де жартастарға салынған көптеген танбалар бар. Бұл суреттердің әрбірі түрлі тақырыпты қаузаиды. Көп жағдайда тауешкі мен арқардың бейнелері танбаланған. Негізі, жартасқа арқар мен тауешкінің суреті салынуы да бекер емес. Тарихи дерекке сәйкес, ертеректе тауешкі мүйізі садақ жасауға пайдаланылған деген ақпар бар. Ол заманда құрама садақтың бөлігіне тауешкі мүйізін желімдеген. Мүйіз садақтың сынбауына зор әсер ететін көрінеді. Бірақ осы кезде бұл жәдігерлер жойылып барады. Кейбір келушілер жартастағы танбалардың үстіне аты-жөндерін жазып, петроглифтердің түбегейлі жойылып кетуіне кері әсерін тигізіп жатыр. Сондықтан тарихи орынға зерттеу жұмыстарын жедел жүргізіп, қорғау шараларын шұғыл қолға алмаса, қолда бар мұраларымыздан айырылып қалу қаупі басым», — деп өлкетанушы өз ойын толықтырды.

Сауыскандық шатқалындағы жазуларды жете зерттеп жүрген жанның бірі — Шиелі аудандық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қызметкері Бекболат Әбутегі. Музей қызметкері жартастағы жазулардың тарихи мәні зор екенін алға тартады. Оны адамзат мәдениетіндегі маңызды құбылыстың жарқын көрінісі деп есептейді.

«Жалпы, Шиелі ауданы аумағындағы Сауыскандық шатқалы — 2004 жылдан бастап зерттеу жұмыстары жүргізіліп келе жатқан тарихи ескерткіштер кешені. Нақты

айтқанда, сол жылдары профессор-археолог Мадияр Елеуов «Тұран» экспедициясымен барлау, зерттеу жұмысы барысында осы Сауыскандық шатқалындағы петроглифтерді анықтаған. Одан бері көптеген ғалымдар зерттеп жүр. Оның ішінде Қожа Ахмет Яссауи атындағы Қазақ-Түрік университетінің археология орталығының археологі Сағымбай Мұрғабиев көп еңбек сіңірді. Сол археологтердің дерегіне сәйкес, әу баста шатқалдан 12 мыңға жуық тасқа қашалған суреттер анықталғаны айтылды. Бірақ табиғи және адами факторлардың әсерінен бүгінгі күнге бұл аумақта шамамен 8-9 мың ескерткіш қалғаны жайында жорамал бар», — дейді Бекболат Темірәліұлы.

Музей қызметкерінің айтуынша, көне жазулардың жойылуының бір себебі таудың келесі бетінде орналасқан Ваннади кен өндіру зауытына қатысты екен. Яғни, сол уақытта аталмыш өндіріс орны өнімін жарылыс тәсілімен өндіретін болыпты. Ал жарылыс кезіндегі жер сілкінісінен жартастар құлап, көптеген петроглифтер үйінді астында қалыпты.

«Соған орай 2012 жылдары ескерткіш орнын сақтап қалу мақсатында жоғарыда айтып өткенімдей, Түркістандағы университет археологі Мұрғабиевпен бірлесіп, кен орнының басшылығымен келіссөз жүргіздік. Нәтижесінде, кен орнының жарылыс жасау аумағының шекарасын белгілеп бердік. Уақыт өте келе аталмыш зауыт өнімді жарылыс жасамай алудың тың тәсілін қолданысқа енгізіп, бұл

мәселе түбегейлі шешілгендей болды. Алайда әлі де көне танбаларды тамашалауға келушілердің қолдан жасаған қастандығы салдарынан құнды мұралардың жойылып кету қаупі сөйілмей тұр. Соған байланысты құзырлы орындарға өз ұсыныстарымызды айттық. Нәтижесінде, 2019 жылы аудандық бюджеттен қаржы қаралып, ескерткіш аумағының төрт бұрышына қорғау тактайшадары орнатылды. Алайда мәселе мұнымен шешілді деп айтуға келмейді. Ендігі кезекте аумақты қорғау мақсатында ескерткішке кіреберіс қақпаға бақылау бекеті ретінде кішігірім керуен сарай салып, ол жерге вахталық негізде ауысыммен жұмыс істейтін екі штат бөлінсе дұрыс болар еді. Бұл бірінші кезекте, арнайы маманның ескерткіш аумағын қорғауға ықпал етіп қана қоймай, туристерге түсіндіру жұмыстарын жүргізуге, тазалық жұмыстарын қадағалауға үлесі зор болар еді. Осы орайда бұл аумаққа керуен сарайын салуға мүмкіндік бар екенін айтқым келеді. Нақты айтқанда, ескерткіш орналасқан аумақта ваннади кен орнының жұмысшылары жататын жатақхана орналасқан. Осы жатақханаға электр бағаналары тартылып тұр. Осы электр бағаналарын пайдалана отырып, арнайы керуен сарай ғимаратын салып, аумақты жарықтандыруға, келушілер қауіпсіздігіне қажетті басқа да мүмкіндіктер жасауға болады. Сондай-ақ аумақ тазалығын қамтамасыз ету мақсатында арнайы қоқыс жәшіктерін орнату жөнінде де ұсыныстар айттық. Бірақ, өкінішке қарай, әлі күнге дейін бұл ұсыныстарымыз қанағаттандырылмай тұр. Бүгінде аталмыш мәселе әлі де талқыланып жатса керек. Дегенмен де бұл орында қорғау шаралары жедел қолға алынбаса, тарихи құндылықтарымыздан түбегейлі айырылып қалуымыз мүмкін. Ең бастысы, көне жәдігерлерді көзіміздің қарашығындай сақтап, келер ұрпаққа аманаттау азаматтық парызымыз екенін естен шығармаған абзал», — деп музейдің ғылыми қызметкері ойын түйіндеді.

Қалай дегенде де, Қаратаудың қойнауындағы тасқа танбаланған көне жәдігерлерді қорғау кезек күттірмейтін мәселеге айналып тұр. Археолог мамандар қолда бар құндылығымызды сақтап қалу шарасы бүгіннен бастап қолға алынбаса, ертеңгі күні бәрі кеш болуы мүмкін деп алаңдап отыр. Шынында да, петроглифтер кешенін күтіп-ұстау жұмыстары жүйелі жүргізілсе, әлі талай ғасыр тарихи құндылығымыз келешек ұрпақтың рухани азығына айналары сөзсіз.

**Кейінгі кезде ғалымдар осы Сауыскандық шатқалындағы петроглифтердің жойылып кету қаупі туындап тұрғанын айтып, дабыл қағып жүр. Ең өкініштісі, көп жағдайда жәдігерлерді тарихи орынға барған тұрғындар бүлдіре бастағанын айтып, вандализм салдарынан көнеден жеткен құнды мұра құрдымға кетіп жатқанына аңаңдаушылық білдіруде.**



тартады. Қаратау жотасындағы тасқа қашалып жазылған жазулар ежелгі бейнелеу өнерінің ұлы жетістігі саналады. Шатқалдағы сызбалар сан түрлі тәсілмен тасқа қашалып, түрлі бейнеде салынған. Әсіресе, петроглифтердегі аң-құс бейнелері сол кезең адамдарының аңшылық пен балықшы кәсібіне арқау болғанын аңғартады. Бір сөзбен айтқанда, Қаратау жотасындағы тасқа танбаланған жәді-

ғы бекітілген. Жыл сайын аумаққа сенбілік жұмыстары да ұйымдастырылып келеді. Дейтұрғанмен, вандализмге түбегейлі тосқауыл қою үшін ескерткіш аумағы қоршалып, арнайы бақылауға алынуға тиіс деп есептейді.

«Сауыскандық шатқалындағы мәселе әлі де өзекті деп есептеймін. Аталған аумақ қорғау тізіміне енгізіліп, арнайы ескерткіш такта қойылғанымен, қатаң бақылауға

## СЕРПІН

10 ҚАҢТАР 2026 | СЕНБІ

Атырау өңірі ежелден сортаң, тұзды топырағымен және қуаң климатымен ерекшеленеді. Сол себепті бұл аймақта көкөніс пен жеміс-жидек өсіру қиын деген түсінік қоғам санасына әбден сіңген. Алайда соңғы жылдары өңірде жылыжай шаруашылығы дамып, бау-бақша өнімдерін өсіруде тың серпін пайда бола бастады. Соның айқын дәлелі – атыраулық жас кәсіпкер Салтанат Жұбаеваның тропикалық лимонды жергілікті топыраққа жерсіндіруі.

**А** Баян ЖАНҰЗАҚ

Ресми деректерге сүйенсек, соңғы жылдары Атырау облысында ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемі тұрақты өсім көрсетіп келеді. Әсіресе, көкөніс пен бақша өнімдері бағытында оң өзгерістер байқалады. Облыстағы жылыжайлардың жалпы аумағы бірнеше жыл ішінде айтарлықтай ұлғайып, қияр, қызанақ, аскөк, құлпынай секілді өнімдер жергілікті нарықты қамтамасыз ете бастады.



# СОРТАҢ ТОПЫРАҚТА ӨСКЕН

*үміт*



Мамандардың айтуынша, климатқа бейімделген агротехнологиялар мен тамшылатып суару әдістерінің енгізілуі сортаң топырақта да өнім алуға мүмкіндік беріп отыр. Бұл үрдіс тек дәстүрлі көкөніспен шектелмей, жеміс-жидек, тіпті тропикалық дақылдарға дейін жетуі – ауыл шаруашылығы үшін үлкен жаңалық.

## СОРТАҢ ЖЕРГЕ ЖЕРСІНГЕН ЛИМОН

Қалың жұрт «Атырауда ештеңе өспейді» деп ойлаған кезде, қала тұрғыны Салтанат Жұбаева лимон ағашын өсіріп, мол өнім алып отыр. Еркінқала ауылындағы «Раяна» шаруа қожалығы бүгінде өңірге кеңінен танымал.

Қазір оның шағын жылыжайында 20 лимон ағашы өсіп тұр. Биіктігі 6-7 метрге жеткен бір ағаштан 20 келіге дейін өнім алады.

Лимон ағашы жылына екі рет жеміс береді. Күтімі дұрыс болса, бір түп ағаштан ондаған келі өнім алуға болады.

Бұл істің бастауында Салтанаттың марқұм анасы, агроном Мәрияш Құрбаниязованың еңбегі жатыр. Ол кезінде тұзды топырақ мәселесін зерттеп, осы бағытта ғылыми жұмыс та қорғаған. Анасының арманы Атырауда

отырғызуға болады. Үш жылдан кейін алғашқы жемісін береді. Цитрусты өсіруге арналған топырақты Мәскеуден алдырамыз, оны жергілікті құнарлы топырақпен араластырамыз. Табиғи өнім болғандықтан, тыңайтқышты аз қолдану керек. Ағаш гүлдеп тұрған кезінде де жеміс бере береді. Суару да аса маңызды мәселе. Лимон суық немесе ыстық суды көтермейді, бөлме температурасындағы сумен ғана суарылады. Жылыжайдағы температура, ылғалдылық, жарық – барлығы қатаң бақылауда

шаруашылығын дамытуға болатынын дәлелдейтін нақты мысал.

Өңірде жеке шаруашылықтар мен шағын кәсіпкерлердің бау-бақша өнімдерін өсіруге бет бұруы – импортқа тәуелділікті азайтудың бір жолы. Қазірдің өзінде жергілікті өнімдер базар мен дүкен сөрелеріне шығып, халыққа қолжетімді бағамен ұсынылуда. Салтанат Жұбаева бүгінде тек өнім өсірумен шектелмей, жаңа мақсаттарға бет алып отыр. Ол лимон мен апельсинді будандастырып, жаңа сорт шығаруға кіріскен. Болашақта бұл өнімдерді патенттеп, Made in Atyrau брендімен республика көлемінде ғана емес, шетелге де шығаруды көздейді.

Сонымен қатар жас кәсіпкер аграрлық оқу орталығын ашып, бау-бақша өсіруді өзгелерге де үйретуді мақсат етіп отыр. Бұл бас-

**Тропикалық жемісті өсіру үшін ерекше күтім қажет. Лимонды бірден жерге отырғызбайды. Алдымен арнайы цитрусты топыраққа егіп, біртіндеп жергілікті топырақпен араластыра отырып бейімдейді.**

тама өңірдегі ауыл шаруашылығын дамытуға серпін беретіні сөзсіз.

Қалай десек те, Атыраудың табиғаты өнім өсіруге қолайсыз деген түсінікті жоққа шығарған Салтанат Жұбаева – табандылық пен еңбектің нақты үлгісі. Оның сортаң топырақта өсірген лимоны – тек жеміс емес, үміт пен сенімнің символы. Бүгінде Атырауда ауыл шаруашылығы, соның ішінде бау-бақша саласы біртіндеп дамып келеді. Ал сол дамудың алдыңғы шебінде жүрген осындай еңбеккер жандар өңірдің аграрлық әлеуеті әлі де жоғары екенін дәлелдеп отыр.

жеміс бағының болуы еді. Бүгінде сол аманатты қызы жалғастырып отыр.

«Тропикалық жемісті өсіру үшін ерекше күтім қажет. Лимонды бірден жерге отырғызбайды. Алдымен арнайы цитрусты топыраққа егіп, біртіндеп жергілікті топырақпен араластыра отырып бейімдейді. Бес жылдан соң ғана топыраққа

болуы керек», – дейді Салтанат Жұбаева.

## БАУ-БАҚШАҒА БЕТ БҰРҒАН Өңір

«Раяна» шаруашылығында лимоннан бөлек қияр, қызанақ, көкшөп, алма, шабдалы, жүзім, анар секілді жеміс ағаштары да өсіріледі. Бұл – Атырауда баубақша



Мал шаруашылығын атакәсібіне айналдырған қазақтың бір күнін етсіз елестету мүмкін емес. Қоңыр күз түсісімен-ақ қорасын сайлап, ірі қарасын байлап, соғымның қамына кірісетін халқымыз етті көп тұтынатындардың қатарында. Алайда үйіне келген сыйлы қонағына ет асып, бас пен жамбас тартатын жұрттың игі дәстүрі жуық арада ұмыт болатындай. Олай деуімізге аспандап тұрған ет бағасы себеп.

# ҚАЛТАНЫ ҚАҚҚАН «ТӘТТІ»

**А** Саятхан САТЫЛҒАН, Жамбыл облысы

Ресми дерекке сүйенсек, жыл басынан бері қой еті — 15,8, жылқы еті — 11,4, сиыр еті 14,3 пайызға өскен. Ауыл шаруашылығы министрлігі мұның себебін әлемдегі нарықпен байланыстырады. Яғни, көрші елдерде бағаның едәуір жоғары болғаны Қазақстанға да әсер етіп, экспортқа шығарылатын ет көлемі жылдағыдан едеуір артқан.

Ал азық-түлік ең арзан деп саналатын Жамбыл облысында биылғы соғымның бағасы қалай болып тұр? Қазір әлеуметтік желіні ашып қалсаңыз, «ет сатамын» деген жарнамалардан көз сүрінеді. Солардың бірі — «Кәусар ет» жеке кәсіпкерлігіне біз де хабарласып көрдік. Ол жақта жылқы еті — 2 900, сиыр еті — 3 250, қой еті — 3 700, тартылған ет 3 500 теңгеден сатылымға шығарылған. Бағасына келіссеңіз, қалаған түлігіңізді таңдап, сол жерде бірден сойдырып алуға болады. Қосымша ақысын төлесеніз, үйіңізге дейін жеткізіп беру қызметі де қарастырылған. Егер қолма-қол ақшаңыз болмаса, Kaspi RED немесе 3-12 ай аралы-

ғында бөліп төлеу арқылы да есеп айырыса аласыз.

Бұдан кейін ел аузында «Қай-қармет» аталып кеткен «Сұлтан» сауда орталығындағы ет бағасын барладық. Мұнда өнім мол болғанымен тұтынушы аз екені көрініп тұр. Сатушылар өнімін жарна-малап, «талғамыңа сай таңдап аласың» деп бірінен-бірі қалысар емес. Сойылған мал етінің кешікпей өтіп кеткені өздеріне қолайлы. Сонымен, мұндағы бағаға зер салсақ, жылқы еті — 3 100, сиыр еті — 3 300, қой еті 3 800 теңгеден саудалануда. Қалауын тапсаң, саудагерлер бағасын төмендетіп беруге әзір. Бұл енді қызыл тіліңнің «құдіретіне» байланысты.

— Ет бағасы көтерілгелі тұтынушылар азайды. Бұрынғыдай сауда жоқ. Өнімнің өзі бізге қымбатқа келіп жатыр. Үстіне тек нәпақамызды қосып отырмыз. Тұрған орнымызға да ақы береміз. Мұның бәрі оңай емес. Тіпті, кейде аудан орталықтарына өзіміз шығамыз. Шығыны көп. Жол жүру, малды арнайы алаңдарға сойдыру, оның бәріне қыруар қаржы кетеді. Әрине, осыдан соң тұтынушылар тарапынан реніш болып жатады. «Бағаны қолдан жасап, халықты қанап отырсың-

дар» деп ұрысып кететіндер де бар. Қымбатшылық қос бүйірден қысып, қалтаны қағып тұрған кезеңде оларды да түсінеміз. Бірақ біздікі де күнкөрістің қамы болған соң, нарық талабына көнуге тура келеді, — дейді ет сатушы Әлия Амандосова.

Дегенмен сом етке деген сұраныс төмендегенімен, малдың ішек-қарны, бауыр, бүйрегі мен сорпа жиынтығына тұрғындардың аңсары ауғандай. Мұны халықтың осы өнімдерді талап әкетіп жатқанынан байқадық. Зейнеткер Берік Көмекбаевтың сөзінше, мұның бір ұшы тағы да сол қымбатшылыққа келіп тіреледі.

— Несін жасырайық, қазір етті аз тұтынатын болдық. Маңыздысын сыйлы қонаққа сақтаймыз. Тіпті, қазы-карта, жал-жаяны ұмыта бастадық. Бара-бара ет жемейміз бе, қалай өзі?! Мал бар, бірақ неге қымбат екенін түсінбедім. 5 келі жылқы етін алып едім, бағасы 15 мың теңгеге бір-ақ шықты. Бұрын ауылдан соғым келетін еді. Қазір ондағы соғымның да бағасы қаладағы базар нарқына жетіп қалды. Сондықтан амал жоқ, тартылған ет, ішек-қарын немесе сүйек-саяқты талғажау етуге мәжбүрміз. Еттің ба-

ғасы өскен сайын дастарқанның да жұтандай түскені байқалады. Бұрын ет күнделікті ас болса, қазір ол тек мерекелік тағамға айналып барады, — деп зейнеткер іш қынжылысын жеткізді.

Әрине, жұртшылық базардан келілеп сатып алғаннан гөрі бордақыланған малды сойып алғанды жөн санайды. Сондықтан қолында төрт түлігі жоқтар мал базарын жағалайды. Алайда бұл жақта да мал бағасы шарықтап тұр. Айталық, Жамбыл ауданына қарасты Қостөбе ауылы маңында орналасқан «Ас-Ер» мал базарында сиырлар 350-450 мыңның, ірі жылқылар 650-800 мыңның, қой 80-120 мыңның арасында сатылып жатыр. Алайда бұл — тек біз көрген баға. Соғым науқаны қызған сайын малдың құны еселеп артатынын да ескерген абзал. Төрт түліктің құны оның қонына байланысты екені тағы бар. Сол үшін «базарда мал біз ойлағаннан арзан екен» деп ол жаққа асықпаныз.

— Төрт түлікті бордақылаудың машақаты өз алдына бір бөлек. Семіз мал соямын десең, қораңдағы малыңа екі есе күтім керек. Қазір төрт түліктің соңында жүретін малшы табу қиынға соғып

тұр. Биыл жем-шөптің де бағасы шамадан тыс шарықтап кетті. Сондықтан шаруалардың көпшілігін «Малымды қыстан аман алып шыға аламын ба?» деген ой мазалауда. Өзім де мал бордақылаумен айналысамын. Баға құбылмалы болып тұрғандықтан, нақты құнын кесіп айта алмаймын. Осы кәсіптен ризығымызды айырып отырғандықтан, өзімізден артылған етті сатып, пайдаға кенелгіміз-ақ келеді. Бірақ күн сайын өсіп бара жатқан баға бұған біраз қолбайлау болатын түрі бар, — дейді атакәсіппен сан жылдан бері айналысып жүрген шаруа Смағұл Әзімбаев.

Соғым десе ту биені жығып салатын ауыл халқы еске түседі. Әйтсе де, бұл жақта да жағдай мез емес. Былтыр бір жылқының құны 500-600 мың теңгеге бағаланса, биыл оның құны 700-800 мың теңгеге жетіп жығылды. Сондықтан туыс-туған, дос-жаранның бас қосып, қауқылдасып «соғымбасын» жейтін салтының да сөні қашып тұр. Қалай десек те, баға бұлай бетімен кете берсе, «Ет дегенде бет бар ма?» деп әзілдейтін халқымыздың сол еттің тісі түгілі, түсіне кіруінің өзі мұңға айналатын түрі бар.



**Сатып алуды ұйымдастырушы:** Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (бұдан әрі — Университет).

**Мекенжайы:** Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан.

**Байланыс телефоны:** +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62

**Сатып алу әдісі:** Университеттің «Сатып алу және сату» регламентінің (бұдан әрі — Регламент) 23-бабы f-тармақшасы негізінде конкурс тәсілімен инженерия және өнер медиа және дизайн факультеттеріне қарасты оқу аудиторияларына жиһаздар (парта, жұмыс столы тумбасымен, оқытушыға кресло) техникалық ерекшелікке сәйкес сатып алу.

**Сатып алуға қатысу шарттары:** Сатып алуға қатысушылар Университет Регламенттінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсыну қажет.

1. әлеуетті өнім берушінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы (құжаттары);

2. әлеуетті өнім берушінің бухгалтерлік балансы немесе оның талап етілген бөлімдері, егер жоқ болса, оған теңестірілген өзге де құжаттары;

3. әлеуетті өнім берушінің орындаған жұмыс көлемін растайтын жалпы табысы туралы анықтамасы немесе сатып алу нысаны болып табылатын тауарларды жеткізу саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары (шарт негізінде осы немесе осыған ұқсас жұмыстарды атқарғанын растайтын құжаттары, атап айтқанда соңғы бес жыл ішінде тауарларды жеткізу саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары);

4. Кәсіби және техникалық біліктіліктерін анықтау үшін келесі құжаттарды тапсыру талап етіледі: әлеуетті өнім берушінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзыретті органдарға тіркеле отырып, жұмыс істеуге рұқсат құжаты болуы және баға ұсынысын жасауға құзыреттілігін растайтын құжаттары; Баға ұсыныстарын беру кезеңінде ҚҚС төлеуші болып табылған жағдайда ҚҚС төлеуші екендігін растайтын құжаттарын қоса ұсына отырып, баға ұсыныстарының шегінде ҚҚС қоса есептеп ұсыну қажет.

5. әлеуетті өнім берушінің ұйымдық құрылымы толық көрсетілген және өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмысты орындау үшін тиісті біліктілікке ие қызметкерлерінің және өткізілетін сатып алудың нысаны болып

табылатын тауарларды жеткізу саласындағы орындаушы (басқарушы) қызметкерлерінің құрамы мен техникалық қызметкерлерінің кәсіби білімі мен біліктілігін растайтын құжаттары;

6. өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмысты орындау үшін қажетті материалдық-техникалық ресурстарының бар екендігін растайтын құжаттары;

7. өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмыстың конкурстық құжаттамада көрсетілген стандарттарға сәйкестігін растайтын, халықаралық ережелерге сай аккредиттелген сапаны тексеру ұйымдары тарапынан берілген сертификаттары және тауарды өндіруші ұйымның ресми дилері екендігін нақтылайтын құжаттары;

8. басшылық талап еткен жағдайда тауарлардың сапа сәйкестігін растау үшін олардың үлгілері, каталогтары және/немесе суреттері. (Жеңімпаз болып табылған жеткізуші жеткізілетін тауарлардың үлгісін тапсырыс берушімен келісуі қажет)

9. Өтінімді қамтамасыз ету мақсатында әлеуетті өнім беруші ұсынған жалпы сомасының кем дегенде 5%-ы мөлшеріндегі қаражатын төмендегі реквизиттерге енгі-

зуі қажет; Тапсырыс беруші: «Қожа Ахмет Ясауи Халықаралық қазақ-түрік университеті» мекемесі, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В, БСН 990440008043, HSBKKZ-KX KZ436010291000010707, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ.

Сатып алынатын жұмыстардың тізімін (қосымша) <http://ayu.edu.kz> сайтының хабарландыру парақшасынан және/немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, 203-кабинеттен алуға болады.

**Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты:**

Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, тізімделіп, парақшалар бауланып, нөмірленген түрде мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 20 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, 203-кабинетте қабылданады.

**Комиссия отырысы болатын күні және уақыты:** 16.01.2026 ж. (12:00), 201-кабинет.

## ЦИФРЛЫ ӘЛЕМ

10 ҚАҢТАР 2026 | СЕНБІ

Жаңа туған сәби бір жағынан шексіз қуаныш болса, екінші жағынан үлкен жауапкершілік екенін білеміз. Ұйқысыз түндер, үзіліссіз күтім, нәрестенің денсаулығын бақылау – осының бәрі ата-анадан шыдам мен күш талап етеді. Дегенмен, технологияның дамуы арқасында күнделікті міндеттерді жеңілдететін гаджеттер пайда болып жатыр.

Қазір заманауи құрылғылар ата-ананың өмірін ыңғайлы етіп, нәрестеге жайлы жағдай жасауға көмектеседі. Мақаламызда жаңа туған сәбилерге күтім жасауды жеңілдететін ең пайдалы гаджеттерді ұсынамыз.

**ВИДЕО-БАЛА КҮТУШІ**

Радио-бала күтуші (радионяня) ата-аналарға баланың бөлмесінен шыққан кезде де оны бақылауға мүмкіндік береді. Бұл құрылғы дыбыс арқылы сәбидің жағдайын хабарлап отырады. Видеоняня тек дыбыспен емес, бейне арқылы да жағдайды көрсетеді, осылайша балаңыздың көңіл күйін, қозғалысын және ұйықтап жатқанын нақты көре аласыз.

Оның бірнеше мүмкіндігін айта кеткеніміз жөн. Әуелгісі дыбысты анықтау жүйесін, яғни жылау мен күлкіні ажырата алады. Екіншіден, жарықдиодты шамдар мен тыныштандыратын әуендер арқылы баланы ұйықтатуға көмектеседі. Тағы да бөлмедегі температура мен ылғалдылықты бақылап, шектен тыс болған жағдайда ескертеді.

**ТЫНЫС АЛУ МОНИТОРЫ**

Жаңа туған сәбидің тыныс алуын бақылап отыру әрқашан маңызды. Ал бұл жас ата-ананы алаңдататыны сөзсіз. Тыныс алу мониторы матрастың астына қойылып, нәрестенің қозғалысын және тынысын сезеді. Егер тыныс алу жиілігі қалыптан тыс болса, құрылғы дереу сигнал береді, осылайша монитор кез келген қауіпті жағдайдың алдын алуға мүмкіндік береді.

Артықшылықтары ретінде түнгі уақытта ата-аналар баланың тынысын алаңсыз бақылап отыра алады. Кейбір үлгілері нәрестенің өсуін, салмағын және қозғалыс белсенділігін де тіркеп, толық ақпарат бере алады.

**НӘРЕСТЕНІҢ ҚЫЗУЫН ӨЛШЕЙТІН ЕМІЗІК**

Жаңа туған сәбидің дене қызуын өлшеу жиі қиындық туды-

рады. Қолтығына термометр қыстырған сәбиді тыныш жатқызу кейде мүмкін емес. Сондықтан арнайы дисплейі бар емізік-термометр ең ыңғайлы шешімдердің бірі болып отыр. Бұл гаджет нәрестенің дене қызуын үздіксіз бақылайды және егер температура қалыпты деңгейден асып кетсе, дереу ескерту береді.

**АҚЫЛДЫ БӨТЕЛКЕ ЖЫЛЫТҚЫШ**

Мамандардың айтуынша, нәрестені тамақтандыру кезінде сүттің немесе судың дұрыс температурада болуын қадағалау керек. Ақылды бөтелке жылытқыштар осы мәселені шешуге арналған. Олар сұйықтықты 3-5 минут ішінде қажетті температураға дейін жылытып, тамақтандыруды жылдам әрі қауіпсіз етеді.

Оның артықшылықтары көп. Сүтті біркелкі қыздырып, артық ыстықтан сақтайды. Кейбір модельдер түнгі уақытқа арналған



# СӘБИ КҮТІМІНЕ КӨМЕКТЕСЕТІН ҚҰРЫЛҒЫЛАР

таймермен жабдықталған: белгіленген уақытта өздігінен іске қосылып, сәбидің тамағын алдын ала дайындап қояды. Тамақтандыру процесін жылдамдатып, ата-ананың уақытын үнемдейді.

**ЭЛЕКТРОНДЫ БЕСІК**

Электронды бесік – ата-аналардың демалуына мүмкіндік беретін құрылғы. Бұл гаджет баланы автоматты түрде тербетіп, тыныштандыратын әуен қосады. Бесікте бірнеше тербеліс режимі бар. Одан бөлек, бөбекті тыныштандыратын жайлы және көңілді көтеретін ойнақы әртүрлі әуен жинақталған. Қашықтан басқару және таймер қосу мүмкіндігін де осы бесіктен таба аласыз.

**АҚЫЛДЫ ТҮНГІ ШАМ**

Мұндай шамдар баланың ұйқыға тезірек кетуіне көмек-

теседі. Жарық жұмсақ әрі жағымды болғандықтан, нәресте өзін қауіпсіз, жайлы сезінеді.

Мүмкіндіктері мол, әуен ойнату және ертегі айту, проекция арқылы төбеге жұлдызды аспан немесе әдемі суреттер шығару

**ЖӨРГЕК УТИЛИЗАЦИЯЛАЙТЫН ШЕЛЕК**

Пайдаланылған жөргекті жай коқыс шелегіне тастау көп ата-ана үшін ыңғайсыздық тудырады. Жөргек тез иістеніп, бөлмедегі ауаны ластайды. Сондықтан жөргектерге арналған коқыс шелегі ерекше ыңғайлы шешім болып отыр. Бұл құрылғы жөргекті автоматты түрде сығымдап, кішірейтіп, жеке целлофан қалтамен герметикалық түрде орап қаптайды, осылайша иіс бөлмеге шықпайды.

Бұл шелектің бірден-бір артықшылығы иісті тиімді түрде жояды, бөлмені таза ұстайды. Кейбір модельдер бактерияға қарсы қасиетке ие, баланың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

**АУА ЫЛҒАЛДАНДЫРҒЫШ**

Бала бөлмесіндегі ауа ылғалдылығының дұрыс деңгейде болуы – нәрестенің тыныс алу жолдарын қорғауда маңызды рөл атқарады. Арнайы балалар бөлмесіне арналған ауа ылғалдандырғыштар бөлмедегі ауаның ылғалдылығын тұрақты ұстап,

шаң мен құрғақтықтан қорғауға көмектеседі.

Артықшылықтарына мыналар жатады: кейбір үлгілерде ауа тазарту және иондау функциялары бар, бұл бөлмедегі шаң мен аллергияларды азайтады. Балаларға арналған арнайы дизайнермен қауіпсіз және эстетикалық жасалады.

**БАЛАЛАР ТАҒАМЫН ДАЙЫНДАЙТЫН ҚҰРЫЛҒЫ**

Баланың дұрыс тамақтануы ең бірінші кезекте тұрағы анық. Балаға тамақты өздігінен жасайтын құрылғылар қазір кеңінен таралуда. Арнайы балалар тағамын дайындайтын смарт-блендерлер азық-түлікті бұмен пісіріп, қажетті консистенцияға дейін араластырады. Бұл құрылғылар



арқылы баланың тамағы тез әрі қауіпсіз дайындалады.

Бұл, біріншіден, уақытты үнемдейді, тағамды тез әрі ыңғайлы дайындауға мүмкіндік береді. Екіншіден, тамақты дұрыс тамақтану ережелеріне сай әзірлеп, баланың денсаулығына пайдалы етеді. Үшіншіден, тамақ консистенциясын біркелкі жасап, нәрестеге оңай сіңірілуін қамтамасыз етеді.

Қорытындылай келе, заманауи гаджеттер жаңа туған нәрестемен өмірді айтарлықтай жеңілдетеді. Олар ата-аналардың күнделікті міндеттерін оңайлатып, уақыт үнемдеуге көмектеседі, ал нәрестеге жайлы және қауіпсіз орта жасайды. Мұндай технологиялық құралдарды пайдалану арқылы ата-ана өз күшін тиімді басқара отырып, баласының қажеттілігін қадағалай алады. Ал күнделікті күтім мен бақылау бұрынғыдан әлдеқайда қарапайым әрі ыңғайлы болмақ.

Арлан АМАН

**AIQYN**

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –  
Талғат ЕШЕНҰЛЫБас редактор –  
Амангелді ҚҰРМЕТГүлзина БЕКТАС –  
Бас редактордың  
бірінші орынбасарыМадияр ТӨЛЕУ –  
Шығарушы редакторЕлдар ҚАБА –  
Секретариат меңгерушісі

**АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:**  
Албал АЛТЫСАЯЙЛЫ –  
Ақмола облысы  
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –  
Алматы қаласы  
Саятхан САТЫЛҒАН –  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –  
Қарағанды облысы  
Назгул НАЗАРБЕК –  
Шымкент қаласы  
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –  
Батыс Қазақстан облысы  
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –  
Қызылорда облысы  
Бәни ЖАНҰЗАҚ –  
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**  
Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін – 15102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін – 55102  
Жеке жазылушылар үшін – 65102

**ЖАРНАМА БӨЛІМІ:**  
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31  
rekama.aikyn@gmail.com

**ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:**  
8(771) 804-61-32  
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді**ТАРАЛЫМЫ: 40 000**

**Тапсырыс №4689**  
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сілеті көшесі 30,  
тел.: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 В  
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлімқұлов көшесі 22,  
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,